

Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 19 маусым жұма 2015 жыл № 23 (25)



«Теміртау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы» бөлімі мемлекеттік мекемесі өзінің атына сай тиісті жұмыстарды бекітілген жоспар бойынша жүргізіп келеді. Бұл ретте бөлімнің тиісті мемлекеттік стандарттарға сай нақты міндеттері бар.

3 - бет

Сәулеті сәнді, қонысқа қолайлы




Ғайһардың ЖҰЛДЫЗДЫ ШАҒЫ



10- бет

Уақыт өткен айын заман талабына сай дамып жатқан денсаулық сақтау саласының жетістіктері орасан. Осы ретте әу бастан-ақ «орта буын» деп саналатын медбикелердің еңбегіне тоқталып өтпеске болмайды. Өйткені дәрігердің тағайындаған емінің нәтижелі болуы оны орындайтын медбикенің қанишалықты өз ісінің шебері екендігіне, өз міндетін мінсіз атқаруына тікелей байланысты болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Деректер бойынша бүгінде елімізде 154 мыңнан аса медбике бар екен, Медбикелер де дәрігерлермен қатар халықтың денсаулығын нығайтып, тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуде өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүр. Осы орайда қаламыздағы орталық аурухананың неврология бөлімінің бірінші санаттағы медбикесі Ғайһар Күнтуарқызы Күнтуарова жайында әңгіме өрбітудің өз жөні бар.



Жыл сайын бұл күннің елімізде ерекше леппен аталатынын айттық, ал биылғы Астана күнінің ұраны «Астана – келісім мен бейбітшілік қаласы» деген ұранмен өтетін болады.

– Астана күнін мерекелеудің іс-шоспары жасалынды, қазір қаламызды мерекелік рәуште безендіру жұмыстары басталып кетті, бұл жұмыстар алдағы 2 шілдеде толығымен аяқталмақ.

Қаламыздың көшелерінде тақырыпқа сай жасалған банерлер орнатылып, жалаулар ілінді. Сонымен қатар 20 маусымнан бастап қаламыздағы бұқаралақ ақпарат құралдарында арнайы айдарлар ашылып, ақпараттық қолдау болады, – дейді Ішкі саясат бөлімінің бастығы Татьяна Куринная қала әкімінің кезекті аппарат мәжілісінде.

Келісім мен бейбітшілік

Жалпақ жұрттың хабары бар, сонау 1994 жылы 6 шілдеде Қазастанның Жоғарғы кеңесі ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулы қабылдаған болатын. Ал арада төрт жыл өткен соң, яғни 1998 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласы атауын Астана деп өзгертіп, әлемге Қазақстанның жаңа Астанасы таныла бастады. Сонымен, сол 1998 жылдан бері астана мәртебесін алды. 2008 жылдың 18 шілдесіндегі ҚР Парламенті Заң қабылдап, соған сәйкес еліміздегі мерекелер қатары көбейіп, 6 шілде мемлекеттік мерекелер ретінде тойланатын болды.



6 шілде - Астана күні

Әрине, мерекелік шаралар легі мұнымен шектелмейді, кітапханалар желісінде, мұражайда тақырыптық кештер мен экспозициялар, викториналық танымдық кештер өтеді. Жастар да Астана күніне орай шығармашылық конкурстар өткізеді, ал балалар үйлерінде қайырымдылық акциялары жалғасады. Тағы бір айта кететін мәселе, осы мерекеге орайластырып мемлекеттік грант алған бес өндіріс орны ашылмақ. Олар «Аяла» медициналық орталығы, су

тазалау және жеткізумен айналысатын жеке кәсіпкерлігі, А.Яршовтың балық шаруашылығын дамыту мен туризм жеке кәсіпкерлігі, Н.Брюхованың шағын зообағы, В.Чередниченконың механикалық цехы.

Қаламызда салтанатты жиын болып, «Саған, Астана» эстафетасының жеңімпаздары марапатталады. Сондай-ақ өнер ұжымдарының мерекелік концерті, кешке жастардың дискотекасына жалғасады.

Турнир

2015 жылдың 12 маусымы күні Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы мен қалалық денешынықтыру және спорт бөлімінің бірлесе ұйымдастыруымен ұлттық ойынымыз асық ағудан «Асығың алшысынан түссін!» атты қалалық турнир өтті.



бөлімінің басшысы Есімханов Дәурен Жағыпарұлының құттықтау сөздерінен кейін шымылдығы



Ұлттық ойын

Ұлттық дәстүріміз болып табылатын асық ату ойынының тарихы сонау замандардан бері келе жатқанын халқымыз біледі. Турнирдің алға қойған басты мақсаты ретінде асық ойындарының өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануы үшін әрі тарихи маңызы бар, әрі кез келген заманауи спорт түрлерінен кем түспейтін ережелерге бай екенін көңінен дәріптей түсу. Сондай-ақ асықтың түрлері мен асық ойындарының түрлерін жете түсіндіре отырып, оның құндылығын ұғындыру, еңбектеген баладан - еңкейген қарияға дейін ойнауға болатынын, халықтық

бұқаралық сипатқа лайықты екенін көрсету болып табылады.

Турнирге қаладағы барлық қазақ мектептері және көршілес Бұқар Жырау ауданынан келген оқушылар мен жазғы лагерлердегі тәрбиеленуші жеткіншектер, сондай-ақ БАҚ өкілдері қатысты.

Ашық аспан астында ұйымдастырылған қалалық турнир 7 кезеңнен және шешуші финалдық кезеңнен тұрды. Ұйымдастырушылар Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының директорының міндетін атқарушы Саргизова Сайда Жамантайқызы мен Қалалық денешынықтыру және спорт

ұйымдастырылған «Асығың алшысынан түссін!» турнирінің «Бас жүлде» иегері атанса, **1 орынды** да №5 мектептен келген Ойнаров Ерлан қанжығалады. Ал, жүлделі **2 орынға** Бұқар Жырау ауданы, Раствок орта мектебінен келген Мәлікұлы Мейірлан қол жеткізсе, қаладағы №5 мектептің тағы бір оқушысы Суннатов Жарқынбек **3 орын** иегері атанды.

Ұлттық тәлім-тәрбиені насихаттай отырып, дәстүріміздің ерекше үлгісі болып табылатын асық ойынынан өткен қалалық турнир салтанатты түрде ұйымдастырылған марапаттау рәсімінен соң өз мәресіне жетті.

Құттықтау

Қымбатты денсаулық сақтау қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

ҚР Президенті ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдің қарқынды дамуының, өркендеуінің басты шарттарының бірі халықтың денсаулығы деп үнемі айтып келеді. Сіздер кәсіби парыздарыңызды абыроймен орындап осылайша ел экономикасына елеулі үлес қосып жүрсіздер.

Қай заманда болса да дәрігер мамандығы аса маңызды және қоғамда ерекше құрметке ие сіздердің мерекелеріңіз басқа да кәсіби күндердің қатарында аса ықыласпен тойланады. Өйткені бұл мамандық күн сайын ерлікті, жоғары біліктілікті, шексіз қайырымдылық пен ізгілікті талап етеді. Күн сайын ешбір шаршамай бар жан-тәнімен адам өмірін сақтау, оларға бұл дүниедегі ең қымбат байлық денсаулық сыйлау тек сіздердің ғана қолдарыңыздан келеді.

Бүгінгі мерекелі күні саланың ардагерлерін, отандық медицинаның негізін қалаушыларды ерекше ілтипатпен еске аламыз.

Теміртау қаласының денсаулық сақтау саласын дамытуға үлес қосқан адамдардың есімі құрметтеуге барынша лайық. Олар салған тамаша дәстүрлер заманауи білім мен тәжірибе көптеген көлемді міндеттерді шешуге көмектесуде.

Қымбатты медицина қызметкерлері, қажырлы еңбектеріңіз, өз істеріңізге берілгендіктеріңіз үшін сіздердің әрқайсыңызға шынайы алғыс айтқым келеді. Салауатты өмір қуанышын сыйлаған әр жанның құрметі, әр емделушінің алғысы сіздер үшін үлкен марапат. Баршаңызға денсаулық, бақыт, жұмыста үлкен табыс тілеймін. Алға қойған армандарыңыз, мақсаттарыңыз орындалсын.

Теміртау қаласының әкімі **Н. СҰЛТАНОВ**
Мәслихат хатшысы **В.СВИРИДОВ**

Құттықтау

Мемлекеттік қызмет ҚР мемлекеттілігінің және Тәуелсіздігінің ажырамас бөлімі болып табылады, ал мемлекеттік қызметшілер елімізде болып жатқан оң өзгерістерді жүзеге асырушылар. Табысты мемлекет мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен кәсібилігі негізінде ғана құрылады. Мемлекеттің күші оның қызметшілерінде, олардың елді алға қарай дамытып, гүлдендіруге, көркейтуге деген қарым-қабілетіне тікелей байланысты. Біздің жұмысымыздың тиімділігі мен тәжірибеден, кәсіби біліктіліктен, жұмысқа берілгендіктен, мемлекеттік жобалар мен бағдарламалардың орындалуы қаланың экономикалық және қоғамдық саяси жаңаруы тікелей қатысты.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бір командада, бір сапта жұмыс істей отырып біз «Қазақстан – 2050» мықты экономикасы бар, барлығын адамдар үшін жасайтын мемлекетті құрамыз, бәрі де жалпыға ортақ еңбек, білімді, еңбексүйгіш, адамдарға ашық қазақстандық патриоттар үшін жасалуда.

Сіздердің бәріңізге мықты денсаулық, жаңа табысты бастамалар, баянды болашақ тілеймін. Сіздердің кәсіби тәжірибелеріңіз бен білімдеріңіз Қазақстан Республикасының гүлденуіне елеулі үлес қосатынына сенімдіміз.

Қала әкімі **Н. СҰЛТАНОВ**
Мәслихат хатшысы **В.СВИРИДОВ**

Уважаемые горожане и жители поселка Актау!

Прием документов по легализации имущества производится в акимате города в кабинете № 14 ежедневно кроме субботы и воскресенья с 9.00 - 18.00 с перерывом с 13.00 - 14.00 по адресу: город Теміртау, Б. Независимости, 12. Телефон для справок 444616.



Қалалық әкімдікте

«Теміртау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы» бөлімі мемлекеттік мекемесі өзінің атына сай тиісті жұмыстарды бекітілген жоспар бойынша жүргізіп келеді. Бұл ретте бөлімнің тиісті мемлекеттік стандарттарға сай нақты міндеттері бар. Олар:

1. Қолданыстағы ҚР заңдарына сәйкес бекітілген қаланың бас жоспарын жүзеге асыруға байланысты қызметті, шаһарға қарасты аймақта қала құрылысын жоспарлаудың кешенді сызбасын үйлестіру.

2. Қала құрылысын және оған шекаралас аймақта құрылыс жүргізу жобаларын бекіту үшін қала әкіміне ұсыну.

орындалуы ерекше маңызға ие. Негізінен бөлім ел үкіметінің өткен жылғы 13 наурыздағы қаулысына орай 3 түрлі қызмет көрсетеді. Олар: ел аумағында жылжымайтын мүліктердің мекен-жайын анықтауға байланысты анықтамалар беру, сәулеттік жоспарлау тапсырмасы.



Сондай-ақ қазіргі қолданыстағы ғимараттардың оның қоршаған құрылымына, инженерлік жүйесі мен құрал жабдықтарына тиіспей жекелеген бөліктеріне жаңалау қайта құрау, қайта жабдықтау жұмыстарына рұқсат беру, аталған елді-мекен аумағында құрылыс нысандарын жүргізу үшін жер учаскелерін бөлуде ҚР ұлттық экономика министрінің осы жылғы маңыздағы қызмет көрсетілді. Жыл аяғына дейін оның санын 7 пайызға дейін өсіру көзделіп отыр. Қолданыстағы ғимараттардың өзгерісі жөніндегі қызмет те өте жоғары сұранымға ие. Әзірге бұл мақсаттағы арыздарды қабылдау қызмет берушінің кеңсесінде жүргізілуде бұдан былай халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы атқару жөнінде қанат қақты жоба қолға алынды. Өткен жылы осы мақсаттағы 35 арыз қаралған болса биыл бес айда 31 өтініш қабылданды, оның көлемін тағы да 5 пайызға өсіру үшін барлық мүмкіндіктер қолданылатын болады.

Үстіміздегі жылдың ақпан айында Теміртау қалалық прокуратурасы бөлімінің тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің қалай жүзеге асатыны жөнінде тексерістер жүргізген. Бір айта кетерлігі сәулет және қала құрылысы бөлімі өзінің мазмұнына орай сан түрлі тараптарды орындайтынына қарамастан


46 - кадам

Рұқсат алуды
оңтайландыру

Құрылысқа рұқсат алудың үш сатылы қағидаты енгізіледі. Бірінші саты – архитектуралық жобалау тапсырмасын беру. Өтініш берілген күннен кейін 30 күн ішінде жүзеге асырылады. Екінші – эскиз жобаны мақұлдау – 20 күнге дейін, үшінші – рұқсаттың өзі 10 күн ішінде беріледі.

5 айында халыққа қызмет көрсету орталықтары және электронды құжат айналысы бойынша 777 арыз түсті. Оның 507-і жеке тұлғалардан, 49-ы әлеуеттік тұрмыстық сауда нысандарына пайдаланылатын пәтерлерді қайта құру жөнінде заңды тұлғалардың арыздары. Мемлекеттік нысандардан 221 хат түсті. Осы ретте жер учаскесін бөлуге байланысты берілетін арыздардың орындалмай кері қайтарылуына себеп болатын негіздемелер де айтылды. Олар егер қызмет алуға өтініш берген адамнан бұған дейін жер учаскесі қайтарылып алынған болса, сұралған жер учаскесі бос болмаған жағдайда немесе жер учаскесі конкурстар мен аукциондарда сатуға тиісті болған жағдайда, сондай-ақ сұралып отырған жер бас жоспарға сәйкес келмегенде немесе егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы жасалмаса сондай-ақ санитарлық қорғау аймағында тұрған жер учаскесі құрылыс салу үшін беру мүмкін емес.

Теміртау қаласының бас жоспары бекітілгеннен кейін көптеген құрылыс жобалары жоспарланды. Олардың біразы тұрғын үйлер болса бірқатары мәдени тұрмыстық, қоғамдық іскерлік



ынан бірнеше өндірістік нысандар, оның ішінде көліктерге қызмет көрсететін құрылыстар жүргізуді белгілеп ондаған гектар жер телімін алды. 4 шағын аудандағы «Пассаж» сауда үйі аумағында жалпы көлемі 320 шаршы метрлік бизнес орталығы және сауда үйі басқа да қоғамдық мақсаттағы құрылыстар салынады. Тұрғын үй құрылысындағы тағы бір жаңалық 94 орамда «таун хаус» стиліндегі 3 тұрғын үй құрылысы жүргізілетіні жоспарланды, әрқайсысы 150, 180 шаршы метрді алатын дүкен, балалар орталығы, кеңселер де осында орналасады. Кулибин көшесі мен Комсомол даңғылы қиылысында 120 орындық бала бақша, монша, кафе кешені, дүкен, екі балалар алаңы және бірнеше жеке тұрғын үй құрылысы жүргізіледі. Ал 5-ші шағын ауданда тағы бір спорт кешені мен 2000 шаршы метрге созылатын екі «таун хаус» тұрғын үйі ел игілігіне айналады. Сондай-ақ металлург стадионы аймағында жаңадан екі спорт көңіл көтеру кешені, 7150 шаршы метр «Достық» саябағы, велотрек, 750 шаршы метр жерге Әлия Молдағұлова атындағы мектеп интернат салынады. Жалпы таяудағы он жылдықтар ішінде Теміртау гүлденіп сәнді де салтанатты қалаға айналатынын осы құрылыстардың көлемінен байқауға болады.

Соңғы уақытта тұрғындарды қала ішінен гараж салу үшін жер учаскелерін бөлу мәселесі толғандырып келеді, бұл жағдай қалалық әкімдіктің жиындарында да көтеріліп жүр. Сондықтан бөлім ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс жұмысы заңының 46 бабында көрсетілгендей: «тұрғын аудандарда қонақ үйлер, жер бетінде және жердің астында гараждар, автомобиль көлігі үшін ашық тұрақтар орналастыруға болады» деген нұсқаулықты басшылыққа ала отырып тұрғын үйлер арасынан гараждар салу үшін бірнеше жерлерді белгіледі. Мәселен оңтүстік батыс тұрғын ауданда коммуналдық қойма аймағынан гараждар салу үшін егжей-тегжейлі жоспарлар жасалды. Қаламыздың 9 шағын ауданында әрқайсысы 100 орындық екі гараждар массивін салуға болады. Өйткені мұндағы көпқабатты тұрғын үйлердің таяу жерден гаражға деген сұранымы өте жоғары. 4А, 86 орамдарда, 8 шағын ауданның 6 айналымында, Горка Дружбы шағын ауданында гараж құрылысын жүргізу үшін жүзден аса орынның жоспарлау жобалары дайындалды. Сондай-ақ Пионер көшесіндегі бұрынғы бұзылған гараждар орнына отызға жуық жер учаскелерін ыңғайлауға болады.

Міне, бұл жасалып жатқан жұмыстың бәрі «Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ өз жұмысын барынша жандандырып бас жоспардың орындалуына лайықты үлес қосып отырғанын көрсетеді.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Сәулеті сәнді, қонысқа қолайлы

3. Республикалық сәулет құрылыс инспекциясы бөлімдерімен, мемлекеттік, қоғамдық және жеке адамдардың сәулет және қала құрылысы және құрылысқа қатысты барлық істерде олардың мүдделерін қорғау үшін лицензия беруші органдармен іскерлік байланыста болу.

4. Тиісті әкімшілік аумақта көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруды қамтамасыз ету.

Бөлім негізінен ҚР үкіметі 2013 жылғы 20 маусымда № 637 қаулысымен бекітілген қаланың бас жоспарын басшылыққа алады. Осы кешенді құжат негізінде металлургтер қаласының құрылысы жүргізіліп, оның 70 жыл бойғы сәулеті жаңартылып бұрынғыдан да әдемі, әрі тұрмысқа қолайлы, өмір сүруге ыңғайлы қалаға айналдыруға жұмыс жүргізілуде. Бұл жөнінде осы аптадағы қалалық әкімдіктің кезекті мәжілісінде аталған мемлекеттік мекеменің жетекшісі Гүлмира Күсенова жан-жақты баяндады.

— Бас жоспарды негізге ала отырып соңғы 3 жылдан бері құрылыс алудың егжей-тегжейлі жобаларын жасау қолға алынды. 2013 жылы 9, 2014-те 25, ал биылғы жылдың бес айында 9 жоба жасалды. Қазір 9 шағын аудандағы Астана-Екатеринбург күре жолының оң жағында Металлургтер даңғылынан Қарағанды тас жолы көшесі аралығындағы аймақты жан-жақты жоспарлау жүріп жатыр. Осы жұмысты орындауға орай экономика және бюджетті жоспарлау бөліміне 7755 мың теңге бюджеттік тапсырыс берілді сонымен бірге біз бөлім мамандары құрылыс салудың жобасына сәйкес жер учаскелерін бөлуге байланысты кәсіпкерлермен жұмыс жүргізуді жоспарлап отырмыз, — деді басшы.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтің сапасы, дер кезінде




27 наурыздағы № 270 бұйрығы аясында жүзеге асырылуда.

Жылжымайтын мүліктің тұрған орнын анықтауға берілетін қағаз үшін құжаттар жергілікті халыққа қызмет көрсету орталықтарында қабылданады. Алдыңғы екі жылда осы мақсатта 700-800 қызмет көрсетілсе биылғы жылы бес айда оның саны 272-ге жетті. Жылдың соңына дейін өткен жылдарға қарағанда бұл қызметтің санын 5 пайызға өсіру көзделген. Мекен-жайлық тізілімді толтыру тұрақты түрде өсіру негізгі міндеттің бірі. Өткен жылы 2187 бірінші, 4887 екінші нысандар тізімге алынды. Ал биылғы 5 айда 2537 нысан тіркелді. Жалпы қала бойынша алғашқы нысандар 14 426, екінші кезектегілер 71623 бірлікке жетіп отыр. Сәулеттік жоспарлау тапсырмалар беру үшін бұл қызметті үйде отырып-ақ е-лицензиялау мемлекеттік базасынан алуға болады. Биыл 17 осындай

мұнда барлық қолданыстағы заң және белгіленген мемлекеттік стандарттар толық сақталатыны белгі болды яғни ешбір тәртіп бұзушылық анықталған жоқ. Мұның өзі бөлім мамандарының мемлекеттік қызмет көрсетушінің қызметкіне ерекше көңіл бөлетінін көрсетсе керек. Елді-мекен бойынша құрылыс жүргізу үшін жер учаскелерін бөлу маңызды мемлекеттік қызметтің бір саласы. Жер Кодексінің 44-1 бабына сәйкес сәулет және қала құрылысы бөлімі бұған дейін белгіленген қала салу құжаттарын негізге ала отырып жер учаскесін таңдау хаттамасын жасайды. Бұл мемлекеттік қызметтің алғашқы сатысы биылғы 5 айда осындай 27 қызмет көрсетілді. Өткен жылы жеке және заңды тұлғалардан 1622 өтініш түскен, оның 1043 жеке адамдардан, ал 123-і заңды тұлғалардан, мемлекеттік тұлғалардан 456 өтініш тіркелді. Үстіміздегі жылдың

бағыттағы нысандар. Мәселен 68-86, 117 орамдарда, 3, 8-ші шағын аудандарда. Горка Дружбы аймағында көпқабатты тұрғын үйлер салынуы белгіленген. Келешекте қаламызда тұрғын үйлік емес қоғамдық ғимараттар қатары да қазіргіден еселеп артады. Соңғы жылдары бұрынғы қираған үйлер қалпына келтіріліп жүздеген отбасының жаңа қонысы айналған. 4А орамында жеке тұрғын үйлер үшін 212 жер учаскесі бөлінді. Сондай-ақ бұл аймақта оншақты 3-5 қабатты үй 160 орындық балабақша және кітапхана, интернет кафе, мүдделестер клубы орналасатын қоғамдық нысан тұрғызылмақшы. Жабық және ашық жаттығу алаңдары бар спорт кешені екі деңгейдегі паркингті дүкен, көлікке қызмет көрсету станциясы, жағажай құрылысы да осы айтылған ауданның тұрғындарына қызмет көрсететін болады. ТТС авто кәсіпорны Разин көшесі бой-



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бейжай қарамаймыз. Қазақ тілі жап-



Тілге құрмет – елге құрмет

Биыл қабылданғанына жиырма жыл толғалы отырған Конституциямызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп, ал орыс тілінің ресми тіл екендігі, сондықтан оның мемлекеттік тілмен бірдей қолданылатыны жазылғаны мәлім. Егер адамдарды бір-бірімен, яғни ұлт пен ұлтты жақындастыратын негізгі қатынас құралы тіл дейтін болсақ, онда кез-келген көшелер мен мекемелердің, ұйымдардың, сауда орталықтарының атаулары әуелі қазақша, содан соң орыс тілінде жазылып, ілінуі міндетті болып табылады.

«Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

бұрын, яғни тапсырыс бермес бұрын эскизді бізге әкелулеріңіз керек, қателері болса, жақсы аударма жасайтындарға баруға кеңес бере аламыз, – деді Гүлмира Серікқызы.

Жиында қала прокурорының көмекшісі Мирас Қожахметов сөз сөйлеп, тіл мәселесіне байланысты үнемі тексерістер өтіп, сараптамалар жасалатынын айтты. Сонымен қатар бірқатар кемшіліктердің дер кезінде жойылып, түзелгеніне тоқталды.

– Мысалы, қаламыздағы автовокзалда автобустар кестесі тек орыс тілінде жарияланып келген, бұл әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады, өйткені автовокзалға келген қазақтардың конституциялық құқығы бұзылады, – деді прокурордың көмекшісі.

Теміртау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жеке кәсіпкерлермен жұмыс бөлімінің басшысы Саян

Тұтастық ұйытқысы



пай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз»-дегені жұртшылықтың жадында болар. Расында, тіл – халқымыздың асыл қазынасы, ұлтымыздың жаны ғой, солай екен, демек мемлекеттік мәртебесі бар ана тіліміздің бүгінгі таңдағы жай-күйі мен қолданыс аясы туралы мәселе баршаға ортақ.

Міне, осыны мақсат тұтқан үлкен жиын қалалық әкімдікте болып өтті. Онда қала әкімінің әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары Шолпан Мұқитқызы Мырзақасымова, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлмира Серікқызы Олжабаева, қала прокурорының көмекшісі Мирас Қожахметов, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының маманы Жанна Назарова және Теміртау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жеке кәсіпкерлермен жұмыс бөлімінің басшысы Саян Анаев қатысып, арнайы шақырылған қала кәсіпкерлері мен сауда орталықтарының иелерімен жүздесіп, ҚР «Тіл туралы» және «Жарнама туралы» заңдары талаптарының қаламызда қаншалықты орындалып отырғандығы жөнінде әңгіме өрбітті.

– Жасыратыны жоқ, қаламыздың көшелеріне ілінген көптеген жарнамалар бар, бірақ олардың баршасының мазмұны, заң талаптарына сәйкес келе бермейді. Сондықтан біз 13 сәуір мен 13 мамыр аралығында айлық өткізіп, орын алған олқылықтарды анықтап, кәсіпкерлерге, жарнама агенттіктеріне ескертулер бердік. Түсініңіздер, біздің мақсатымыз біреуді жазалау емес, керісінше, кемшіліктерді жойып, заң талаптарын орындап, қателерді түзету, – деді Гүлмира Олжабаева.

Айлық кезінде Республика, Бейбітшілік, Металлургтер, Комсомол секілді орталық даңғылдар бойларында орналасқан 400-ден аса нысандар тексеріліп, 150-дей заң бұзушылықтар анықталған. Бүгінде тек солардың 22-сі ғана жөнделіпті. Ал



қалғандары бұрысты дұрыстауға неге құлықсыз? «Сыртқы жарнамалық жазуларда грамматикалық, стилистикалық қателер көп-ақ, кәсіпкерлер көп ретте мәтінді бірінші орыс тілінде жазады да, аудармасына ғаламтордағы автоматты түрде аударатын бағдарлама көмегіне жүгінеді. Онда сөздер аударылып, сөз бен сөздің бір-бірімен байланысы, яғни сөйлемдер құралмайды» дегенді айтады мамандар. «ҚР тіл туралы» Заңының 6, 21 баптарында атап көрсетілгендей, жазылу тәртібі де бар. Егер заң талаптары орындалмаса, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 81 бабына сәйкес 10-нан 400 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады. Өкінішке орай, қаланың көптеген сауда орталықтары өз атауларын немесе жұмыс кестесін, бағаны төмендеткен акцияларын тек орысша жазатыны анықталып отыр.

– Мұндай қателерге орын бермеудің дұрыс жолы, біздің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасына келіп, мәтініңіздің қазақшасын бекітуге міндеттісіздер. Бұл небәрі он-он бес минуттық жұмыс. Егер қазақшасында қате болса, оны айтамыз. Сондықтан жарнама агенттіктеріне бармас

Анаев жарнамалардың іліну тәртібіне байланысты түсініктеме беріп, олардың орналасуына орай қаншалықты салық төленетінін заңда көрсетілген баптармен анық түсіндірді. Бұл мәлімет жиналған кәсіпкерлер үшін аса маңызды болды, өйткені олар жарнаманы қайда, қалай ілу тәртібімен жақынырақ хабардар болып, өздерінің олқы тұстары болса реттеуге күш салатындарын жеткізді. Ал тұрғын

үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің өкілі Жанна Назарова сыртқы жарнамаларды ілу осы бөлімнің рұқсатымен жүзеге асырылатынына тоқталды. Жарнамалық ақпарат екі тілде, анық, таза, түсінікті болуы тиіс, кей жағдайларда жарнамалар қалай болса солай ілініп, оның безендірілуіне, көркемдік сапасына мән берілмейтіні айтылды.

Жиынды қорытындылаған қала әкімінің орынбасары Шолпан Мырзақасымова жиналғандарды қаламыздағы тіл орталығына барып, қазақша, ағылшынша үйренуге болатынын, бұл ақысыз жүзеге асырылатынын айтты.

Осылайша қала әкімдігінде тіл туралы және жарнама туралы ел заңдарының орындалу барысы талқыланды. Осындай анығы мен қанығы басым жиыннан соң мемлекеттік тілге шекесінен қарайтындардың айылы жиылар деп үміттенеміз. Өйткені мұндай жиынның бұған дейін болғанын естігеніміз де, көргеніміз де жоқ. «Сең қозғалды» деуге толық негіз бар.

Руза АЛДАШЕВА



Ел жаңалығы

2015 жылдың 16 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрайымының орынбасарлары, Парламент Мәжілісінің депутаты Е.И.Тарасенко және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Л.Ж.Сүлеймен Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келді.

Әйелдердің үлесі

Жұмыс сапары барысында Ұлттық комиссияның басшылары Қарағанды облысының әкімі Н.Қ.Әбдібековпен кездесіп, өңірдегі әйелдердің саяси және экономикалық салаға қатысуы және Мемлекет басшысының елді нығайту үшін белгілеген бес институционалды реформаны жүзеге асырудағы әйелдердің үлесі туралы мәселелер талқыланды.

Е.И.Тарасенко өз сөзінде «Мемлекет басшысының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауында белгілеген басым бағыттарды, сол сияқты бес институционалды реформалардың міндеттерін қолдай отырып, біз оларды іске асыруға әйелдер белсене қатысады деп нық сеніммен айта аламыз. Ұлттық комиссияның алдында әйелдерді еліміздің қоғамдық-саяси және экономикалық өмірінің барлық салаларына барынша тарту жөнінде маңызды міндет қойылған. Біздің негізгі жұмысымыз өңірлік деңгейдегі жұмыстарды күшейтуге арналады, бұлар – әйелдердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, әйелдердің кәсіпкерлігін қолдау, Жаңа экономикалық саясат аясында әйелдерді барлық инфрақұрылымдық жобаларға тарту» деп атап көрсетті.

Ұлттық комиссия төрайымының орынбасарлары Қарағанды облысының әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның кеңейтілген отырысына қатысты. Сондай-ақ, комиссия отырысына селекторлық режимде қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, жергілікті және өкілетті органдардың басшылары қатысты.

Отырыста «Облыс өңірлерінде ерте некеге отыру және ана мәселелерін шешу туралы», «Қазақстан Республикасында отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтудың 2015-2020 жылдарға арналған жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы», «Абай ауданының әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның жұмысы туралы» мәселелер қаралды.

Л.Ж.Сүлеймен «Біз бүгін дөңгелек үстел жүргізуден бас тартып, елмен нақты жұмыс істеуге көшу, олардың қажеттілігін білу және осы мәселелерге биліктің назарын аудару, тұрмысы қолайсыз контингентпен тікелей байланысқа көшуіміз керек, қазіргі кезде біздің қоғамымызда жиі орын алатын теріс факторлардың (балаларға зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсету, өзіне-өзі қол жұмсау, некеге ерте отыру, жасөспірімдік жүктілік және т.б.) алдын алу бойынша пәрменді шараларды қолдануымыз керек» деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тарихи-мәдени орталығының жұмысымен танысты.

Анықтама телефондары: 87021567077 87752320000 87017482920

Вопросы

«Женского участия»

16 июня 2015 года состоялась рабочая поездка заместителей председателя Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан депутата Мажилиса Парламента РК Тарасенко Е.И. и члена Центральной избирательной комиссии РК Сулеймен Л.Ж. в Карагандинскую область.

В рамках рабочей поездки состоялась встреча руководства Национальной комиссии с акимом Карагандинской области Абдибековым Н.К., в ходе которой были обсуждены вопросы политического и экономического продвижения женщин в регионе, вопросы «женского участия» в реализации пяти институциональных реформ, обозначенных Президентом страны для укрепления нашего государства.

Е.И.Тарасенко отметила «Разделяя и поддерживая обозначенные Главой государства в Послании народу Казахстана «Нұрлы Жол – путь в будущее» приоритеты, а также задачи пяти институциональных реформ, мы с уверенностью можем сказать, что они будут реализованы с активным участием женщин. Перед Национальной комиссией стоит важная задача по максимальному вовлечению женщин во все сферы общественно-политической и экономической жизни страны в рамках выполнения новых реформ. Основная наша работа сфокусирована на региональном уровне: обеспечение занятости женщин, повышение социальной ответственности бизнеса, поддержка женского предпринимательства, вовлечение женщин во все инфраструктурные проекты, реализуемые в рамках Новой экономической политики».

Заместители председателя Национальной комиссии приняли участие в работе расширенного заседания комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при акиме области, которое прошло в селекторном режиме с участием заместителей акимов городов и районов области, руководителями местных исполнительных и представительных органов. Заслушаны вопросы: «О решении проблем ранних браков и материнства в регионах области», «О ходе выполнения «Общенационального плана мероприятий по укреплению семейных отношений, морально-этических и духовно-нравственных ценностей в Республике Казахстан на 2015-2020 годы», «О деятельности комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при акиме Абайского района».

Обсуждены вопросы духовно-нравственного развития общества, решения современных социальных проблем семьи, молодежи.

Л.Ж.Сулеймен отметила «мы должны отходить сегодня от круглых столов и переходить на конкретную работу с населением, знать их нужды и обращать на них внимание властей, принимать действенные меры предупреждения негативных фактов, которые участились в последнее время в нашем обществе (жестокость и насилие в отношении детей, суицид, ранние браки, подростковая беременность и т.д.)».

Во второй половине дня заместители председателя Национальной комиссии посетили ряд социальных объектов гг.Караганды и Темиртау, возглавляемых женщинами: ТОО «Карагандинский мелькомбинат», Дом ребенка «Шапағат», кризисный центр для женщин, попавших в трудную жизненную ситуацию ОО «Мой дом».

Ознакомились с работой историко-культурного центра Первого Президента Республики Казахстан.

Телефоны для справок:

87021567077
87752320000
87017482920



Баға бағамы

Күнделікті тұрмыс-тіршілік ағымында қала тұрғындары қаламыздағы сауда нүктелерінен, базарлардан сауда жасайтын мәлім. Дегенмен, уақыт өткен сайын баға құбылып, азық-түліктер қымбаттап жатқаны жасырын емес. Қала билігі бұл ретте үнемі ең негізгі азық-түлік бағаларының мониторингін жасап, бағаны ұстап тұруға күш салып келеді. Мұның бір көрінісін қала әкімінің кезекті аппарат мәжілісінің күн тәртібінде қаралғанынан байқауға болады.

Бүгінгі таңда қаламызда 1151 сауда нысаны бар болса, олардың 5-і базар, 152-і қоғамдық тамақтану орны, 720-сы базардан басқа сауда орны, 273-і қызмет көрсету саласында, 1-і дауындау-сату цехы. Бұл цифрларға қарап, былтырғы жылмен салыстырғанда сауда төртеуге, қызмет көрсету саласында 3 нысанға

арқылы бағаларды төмендету үрдісін жалғастырып келеді. Металлургтер шаһарындағы 20 әлеуметтік павильонның да бағаны ұстап тұруда өз әсері бар, олардағы баға базардағыдан төмен, енді жыл соңына дейін осындай тағы да он бес әлеуметтік павильон ашылмақ. Сондай-ақ жыл ішінде бірнеше рет жәрмеңкелер

Басты назар – жергілікті өнімде



көбейгенін аңғаруға болады.

«Шағын қалаларды 2012-2020 жылдары дамыту» және «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламалары аясында «№40 гастроном», «Белый ветер», «Арай», «Гранд», «Радуга», «Принцип» секілді бірқатар сауда орталықтарына несиелік кепілдік пен пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау бойынша мемлекеттік қолдау көрсетілуде. Сондықтан инфляцияны ұстап тұру үшін аталған сауда орындарымен өзара меморандумдар жасалған.

– Қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі азық-түлік және оған жатпайтын тауар бағаларын үнемі назарда ұстап, сауда нүктелеріне барып, мониторинг жүргізеді. Сонда кейбір тауар түрлерінің бағаларының қымбаттағанын байқаймыз. Нақты деректер мен дәйектерге жүгінсек, үстіміздегі 2015 жылдың өткен бес айында 17 түрлі тауар бағасы 1,2 пайыздан 10,4 пайызға дейін өскен, дегенмен бұл инфляция деңгейінен аспайды, – дейді кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Самат Зияшев.

– Бағаның өсуінің негізгі себебі неде?

– Осы ретте біздің жүргізген сараптамамыз нәтижесінде азық-түлік емес тауар бағаларының өсуінің негізгі себебі – ол көтерме сауда жасайтындарға тікелей тәуелді. Өйткені, біздің қаламыз Қарағандымен қанаттас болып саналады, ал ірі көтерме сауда қоймаларының облыс орталығында орналасқан. Сондықтан дүкен сөрелеріндегі баға тікелей сол көтерме сауда-қоймаларындағы бағамен байланысты, – дейді басшы.

Рас, ірі сауда орталықтарының басшылары да бағаның өсуіне осы себепті айтады. Сонымен қатар коммуналдық төлемдер, жұмыскерлерге жалақы төлеу сияқты шығындарды тағы қосыңыз. Тағы бір айтарымыз, бәсекелестік орын алған ортада тауарлардың сақталуы мен жарамдылық мерзімі секілді жағдайлардың да кәсіпкерлер үшін маңызы ерекше.

Дегенмен, қаламыздағы сауда орталықтары жыл басынан бері «Күн тауары» деген секілді түрлі акциялар өткізу



өткізіліп, тұрғындардың сапалы өрі арзан азық-түлік сатып алуларына мүмкіндіктер жасалында. Мысалы, жыл басынан бері жеті жәрмеңке өткізіліп, оларда 21 млн. теңгеге 42,32 тонна өнім саудаланған. Олардың 13,6 тоннасы ет өнімдері болса, 34,72 тоннасы бау-бақша өнімдері. Ағымдағы жылы тағы 27 әлеуметтік, 7 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу жоспарлануда.

Ендігі мәселе жанар-жағар майға қатысты, ҚР Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 25 мамырдағы №361 бұйрығына сәйкес Аи -92 және АИ-93 маркалы бензин бағасы 99-дан 108 теңгеге өсті. Мониторинг қорытындысы көрсеткендей, Теміртаудағы «Бахыт мұнай», «БИО+», «ГазпромНефть» жанар-жағар май құю станциялары бағаны төмен, яғни әр литрі үшін 105 теңгеден саудалауда. Бүгінгі таңда барлық май құю бекеттерінде жеткілікті мөлшерде бензин қоры бар.

Қалай дегенмен де, бағаны ұстап тұру үшін іс-шаралар қолға алынып, көптеген жұмыстар жүргізілуде. Мұны осы кезге дейін ірі сауда нысандарымен, нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындармен 38 меморандум жасалғанынан аңғаруға болады, жыл соңына дейін олардың саны 90-ға жеткізілмек.

Тағы бір айта кететін ерекшелік, ол


біздің қаламызда тұрақтандыру қорының барлығы, ағымдағы жылы «Темірагро» ЖШС жалпы аумағы 120 гектарға 65 тонна өнім сақтады. Атап айтқанда, картоп – 40 тонна, қырыққабат – 15 тонна, қызылша – 5 тонна, сәбіз – 5 тонна. Бұған қоса 65 мың тонна бау-бақша өнімдерін сақтайтын қойма, сонымен қатар облыстық тұрақтандыру қорында теміртаулық тұрғындар үшін 11,35 тонна өнім тағы бар.

Әлеуметтік маңызы бар тағамдардың 33 түрінің мониторингін жасап отыру да кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің назарынан тыс қалған емес. Сол мониторингке қарағанда 2015 жылдың

мамыр айында өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда тоғыз түрлі өнімде бағаның қымбаттағаны байқалады. Нақты айтқанда баға 0,6 пайыздан 66,7 пайызға дейін жоғарылаған, бұл әсіресе, пастерленген сүт, тауықтың сан еті, тұз, қызылша, нан, картоп, сәбіз секілді басқа да бірқатар өнімдер. Бір ғана мысал, бұған дейін бір бөлкесінің бағасы 45 теңге болып келген әлеуметтік нан 47 теңге болды. Дегенмен, кейбір сауда орындары бағаны ұстап тұр. Әрине, баға бағамының күрт өспеуіне елімізде жүзеге асырылған «Қазақстанда жасалған» деп аталатын акцияның әсері ерекше болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ағымдағы жылдың 11 ақпанында бұл бағдарламаға жол ашқан болса, біздің қаламызда келесі күні-ақ, яғни 12 ақпаннан қанат жайды. Бүгінгі таңда қаламыздағы барлық дүкен сөрелерінде сонадайдан көз тартатын мұндай жазулар қаптап тұр, отандық өнімдердің өтуі де жоғары деңгейде.

Қала билігі бағаны назарда ұстап, тұрғындардың ең көп тұтынатын азық-түлік өнімдерінің бағасының шарықтап кетпеуіне осындай іс-шаралар арқылы тоқтам қойып келеді.

Руза АЛДАШЕВА



Жүк және жолаушылар тасымалы жағынан ол екінші санатқа ие, сондай-ақ жүк сақтауға лайықты үш теміржол тұйығы да бар. Елді мекен электр қуатымен тұрақты қамтамасыз етілуде, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС қаражаты есебінен 2,3 шақырым жоғары кернеулі жаңа



Әкім бол, халқыңа жақын бол

Ақтау кенті облыстағы ең ірі өндіріс ошақтарының бірі мұнда әлеуметтік-экономикалық дамуға және өндірістік қуаттарды ба-рынша кеңейтуге алғы шарттар мен ішкі мүмкіндіктер жеткілікті. Өйткені бұл елді мекен негізгі көлік қатынастарының бойына орналасқан. Еліміздің Астана, Қарағанды, Теміртау сияқты ірі қалаларына шығатын екі жақты күре жол дәл оның қасынан өтеді, сондай-ақ республикалық деңгейдегі стратегиялық маңызға ие Мырза станциясы он бір жол қатарын құрайды. Мұнда үш жүйе стратегиялық маңызға ие, ал сегізі түрлі жүкті жөнелтіп, қабылдауға лайықталған.

стап, шағын және орта бизнестің қатарын толықтырды. Аз қабатты құрылысқа қажетті бұл бұйымның шығарылуы нәтижесінде жаңадан 16 жұмыс орны құрылды. Бір



Ақтаудың анығы мен қанығы

98 - қадам
«Селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілетін болады. Облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс істейді».

Ұлт жоспаның 100 нақты қадамынан

желінің салынуына байланысты тұрғындардың электр қуаты бағасын бұрынғы 11,51 теңгеден 9,28 теңгеге дейін арзандатып пайдалануына жол ашылды. Халықты еңбекпен қамтудың мүмкіндіктері де жылдан жылға жақсаруда. «Бизнестің жол картасы –2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша экономиканы индустриаландыру нәтижесінде «Карцемент» АҚ жылына 800 мың тоннаға дейін құрғақ цемент өндіруде. «ЦентралАзияЦемент» ісі де құрылысқа қажетті материалды үздіксіз шығарып келеді. Құрамында қымбат металы бар жер асты кеніші және кен байыту фабрикасы бар «Нұрқазған» кеніші кідіріссіз жұмыс істеп тұр. Тас қиыршықтарын шығаратын завод қайта қалпына келтіріліп, өз жұмысын бастады. Онда қазір 120 адам жұмыс істейді, олардың 43-і кент тұрғындары. Өткен жылы темір-бетон өнімдерін шығаратын бір кәсіпорын құрылды, қазір мұндағы жұмыстар 85 пайыз көлемінде орындалды, келешекте 25 адамды жұмысқа тұрғызу мүмкіндігі бар.

Қызмет көрсету саласында да жаңа орындар ашылууда, былтыр елдің сұранысына орай «Жемчужина» кафесі ашылып, онда жеті адамға жұмыс берілді. Кенттің ескі бөлігінде ашылған дәріханаға екі адам жұмысқа тұрғызылды. Қазір кентте үш шаштараз, көлік жөндейтін төрт шеберхана, екі базар, бірнеше сауда нүктесі, адвокат кеңсесі, ағылшын тілін үйрететін үйірмелер, аяқ киім жөндеу шеберханасы сияқты халыққа бірінші кезекте қажет қызмет көрсету орындары жұмыс істеп тұр. Биыл құрылысқа қажетті газ-бетон блоктарын шығаратын «Шеремет» жеке кәсіпкерлігі өз жұмысын ба-



айта кетерім, осы кәсіпорынды кеңейтіп, нығайту үшін айналымға қажетті қаражат керек, шағын бизнесті төменгі пайызбен несие-леу шарасы осындай кәсіпкерлерді қолдауға қажет-ақ.

Теміртау қалалық әкімдігінің қалалық бюджеттен жыл сайын қомақты қаржы бөлуі нәтижесінде кент өмірі жандана түсті. Соңғы бес жылда ғана қаржыландыру көлемі 2,5 есе өсіп, 176 млн. теңгеден 455 млн. теңгеге жетті. Сондай-ақ қалалық әкімшілік тарапынан қабылданып отырған істер мен шаралар нәтижесінде білім беру, мәдениет, спорт және халықтың аз қамтылған бөлігін қолдау жақсы деңгейде. Білікті медициналық жәрдем алу үшін Ақтау кенті тұрғындары метал-луртгаер қаласындағы №1, №2 және №4 емханаларға бекітілген. Сонымен қатар облыстық балалар клиникалық ауруханасы мен жаңа туған нәрестелер орталығы да кідіріссіз көмек көрсетеді. Кентте тәулігіне 150 адамды қабылдайтын амбулаториялық емхана және терапевт бөлімі жұмыс істейді, он бес орындық аурухана бар. Үш мектептің материалдық базасы

жылдан жылға жақсаруда, бәрін де лингафонды мультимедиялық кабинеттер жабдықталған, интернет қолжетімді. Соңғы жылдары жаңадан 255 компьютер алынды, қазір 3,7 оқушыға бір компьютерден келеді. 2014 жылы 18 жасқа дейінгі баласы бар 55 отбасына 558 мың теңге көлемінде мемлекеттік жәрдем берілді, 83 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды, оның 10-ы жастар. Еңбекпен қамту қызметі 86 жұмыссыз адамға тұрақты

тылды. Мемлекеттік жекеменшік әріптестік есебінен «ЦентралАзияЦемент» АҚ мешітті 1 миллион теңгеге жөндеді және 3 млн. 700 мың теңге бөліп, балалар алаңын орнатты.

Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің мемлекеттік органдары жыл сайын елді мекен тұрғындарының арыз-шағымдарын, өтініштерін ескеріп, хаттар бойынша көптеген жұмыстар жүргізуде. Әсіресе, көпқабатты үйлердің автономды қазандықтарын, балалар алаңдарын жөндеу, қазандықтардан шығатын тонналаған күлді сыртқа шығару жөнінде мәселелер туындап жатады. Былтыр кент тұрғындарының көптеген арыз-шағымдары бойынша жекеменшік әріптестік аясында қаржы бөліп, көпқабатты үйлердің су ағатын шатырларын, қазандық жабдықтарын жөндеу жоспарланған еді. Алайда бұл жұмыстың орындалуына, қаржының жұмсалудың бақылауға, мердігерлік келісімдердің жасалуына, жөндеу жұмыстарына хаттамалар толтыруға, сондай-

ПИК құруға мүлдем ықылас танытпауда. Тұрғын үй қорының 95 пайызы жекеменшіктелген, сондықтан кент әкімдігі тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңарту мемлекеттік бағдарламасына орай тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік мекемелерімен бірігіп, тұрғындарды жинап, өз баспаналарын жөндеуге мемлекеттен жеңілдікпен берілетін қаражатты алып, үйлердің шатырын, жергіліктерін, сыртқы қасбетін жөндеуді қозғаған еді. Бірақ тұрғындар жоғарыда айтқандай, заңды тұлғаға бірікпегендіктен бұл бағдарламаның мүмкіндіктерін пайдалана алмай отыр. Үстіміздегі жылдың өткен мерзіміндегі осындай атқарылған жұмыстарды сараптай, қорытындылай келіп, Ақтау кенті әкімдігі әлеуметтік-экономикалық дамудың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып, халықтың сапалы қызметті пайдалануына, салауатты өмір салтын сақтау мүмкіндіктерін кеңейтуге, елді мекенді бағдарламаларға сай аба-



ақ көп қабатты үйлер бойынша дайын нысандардың сақталуын қамтамасыз етуге, олардағы жауапты заңды тұлғалардың болмауы кедергі болып отыр. Биыл да жылу беру маусымына дайындық, жөндеу жұмыстарының басталуы осындай кедергіге тап болды. Бұған дейін №25 үйдің жанынан «Томирис» ЖШС заңды тұлғасы құрылып, оған көп үміт артылған еді. Қазір ол өзінің жұмысын тоқтатты, өйткені тұрғындар не кондоминимум, не

тандырып, көркейтуге қолда бар мүмкіндіктер мен резервтерді толық пайдаланатын болады. «Қазақстан – 2050» стратегиясы» мен «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында айтылған барлық тапсырмаларды мұлтіксіз орындау, сол арқылы кенттің одан әрі дамып, көркеюіне қол жеткізу біздің алда тұрған басты міндетіміз.

Айдос ОРДАБАЕВ,
Ақтау кентінің әкімі

Келісіп пішкен тон келте болмайды



Бизнес пен әлеумет

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Елбасының халыққа арнаған осы Жолдауын, баршаға арналған «Қазіргі заманғы мемлекет құрудың 100 нақты қадамын» басшылыққа алған Ақтау кентінің тұрғындары индустрияландыру мен инновациялық дамудың екінші бесжылдығын тың қарқынмен бастап кетті. Осыдан 65 жыл бұрын әуел бастан-ақ құрылысқа қажетті цемент, шифер сияқты қажетті материалдарды шығару үшін ыңғайланған кент қазір де осы бағытынан бір тайған жоқ. Қайта жаңа технологины игеру арқылы цемент өндірісін үдетіп келеді. Бұрнағы жылы мұнда цементті құрғақ әдіспен шығаратын №5 технологиялық жүйені жаңалау аяқталып, іске қосылды. Соның нәтижесінде әр жылы 20 млрд. теңгеден аса өнім өндірілуде. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін жақсы сезінген өндіріс орындары елді мекеннің – кенттің тұрғындарына жасалатын жақсылықтардан да аяңған емес. Соған мысал ретінде «ЦентралАзияЦемент» АҚ өндірісін ауыз толтырып айтуға болады. Бұл кәсіпорын жыл сайын ақтаулықтарға миллиондаған теңге қаражат бөлуді әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларды жақсартуға қамқорлықты дәстүрге айналдырған. Биыл да осы әдемі үрдістен жаңылмаған цементшілер арнайы меморандум арқылы көмектесуді белгілеген еді.




Осы аптаның сәрсенбісі күні қалалық әкімдіктің кіші залында «ЦентралАзияЦемент» АҚ мен қала әкімдігі арасында жасалатын меморандумға байланысты талқылау өтті. Оған қала әкімі Нұркен Ертайұлы Сұлтанов басшылық жасап, кент әкімі Ай-дос Ордабаев, «ЦентралАзияЦемент» АҚ заңгерлік бөлімінің өкілі және елді мекендегі әр түрлі келелі мәселелерді көтеріп жүрген бастамашыл топ мүшелері және қаланың бірқатар мемлекеттік мекемелер басшылары шақырылды.

– Жыл сайын «ЦентралАзияЦемент» өндірісімен жасалып жүрген меморандум кенттің әлеуметтік мұқтаждарын өтеуге бағытталап келеді. Жазғы демалыста балаларды Астана қаласына қыдырту, мешітті жөндеу, қазандықтарды қалыпқа келтіру, құл-қоқыстан тазарту сияқты жұмыстардың біразы сол меморандумның арқасында атқарылды. Енді міне, биыл да таяу күндері осындай құжатқа қол қойылмақ. Сондықтан бірінші кезекте атқарылуға тиісті жұмыстарды анықтап алу қажет, – деді қала әкімі Нұркен Сұлтанов.

Бұл мәселе тұрғындар арасында бұған дейін де әңгіме арқауына айналып жүрген, дегенмен көптең аты көп, ауызбірлікпен бір шешімге келу мүмкіндігі болмай, бірі «ана үйдің төбесін жөндеуді» ұсынып, бірі «алдымен балалар алаңын салу қажет» деген сияқты өкім көрпені өзіне қарай тартумен болғандықтан, төрт көзді түгелдеп мәселені осылай шешу жөн саналған. Оның үстіне тұрғындар үш бастамашыл топқа бөлініп, жоғарғы органдарға арыз-шағымды бұрқыратып жатқаны да белгілі. Шын мәнінде көп қабатты тұрғын үйлердің бәрі жеке-жеке автономды жылу көзін пайдаланатындықтан бұл мәселе жыл сайын үлкен проблемаға айналып келеді. Оның

тұрғындар атынан келген өкілдер қаражатты нағыз қажет деген істерге бағыттауды жөн санады. Бүгінгі таңда Ақтауда 9 көпқабатты үйдің шатырын жөндеу қажет және бәрі де өз үйлерінің бірінші кезекте жөнделгенін қалайды. Мұндай проблемалар Мырза станциясы және қаланың ескі бөлігі тұрғындарының басында да бар. Олар да өз проблемаларын шешуге тағы екі бастамашыл топ құрып, ізденуде. Бір қарағанда бәрі дұрыс, меморандум



99-қадам

«Мемлекеттік органдар мен әкімдер жанындағы қоғамдық кеңестердің стратегиялық жоспарлар мен аумақтық даму бағдарламаларын, бюджеттерді, есептерді, мақсатты индикаторларға қол жеткізуді, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер жобаларын, бағдарламалық құжаттар жобаларын талқылау бөлігіндегі рөлдерін күшейту. Қоғамдық кеңестердің өкілеттіліктері мен мәртебесін заңмен бекіту, мемлекеттік шешімдерді қабылдау ашықтығын арттыру».

100 нақты қадамнан

арқылы бөлінген қаражатты алдымен баспананы дұрыстап алуға жұмсаған жөн, дегенмен мұның бәрі қолданыстағы заңға лайықты атқарылуы керек. Ал кенттегі тұрғын үйлердің бір де бірінде заңды тұлға, яғни ПИК немесе үй комитеттері жоқ. Бұл проблема сайып келгенде тұрғын үйлердің жылдан жылға техникалық жағынан нашарлауына, сөйтіп, арыз-шағымның көбеюіне жол ашып отыр. Ал заңды тұлға болмағандықтан әлеуметтік жауапкершілік тарапынан бизнес бөлген қаржыны да, мемлекеттен бөлінетін несиені пайдалану мүмкіндігі жоқ. Мәселен, ел Үкіметінің тұрғын үйді жаңғырту жөніндегі бағдарламасына орай Теміртау қаласында соңғы үш жылда ғана 42 үй жөнделді. Әрине, басында бәрі де қиындықпен жүрді, дау-дамай да көп болған. Қазір іс бір ретке келген, сондықтан ақтаулықтар да заңды тұлғаны құрып, мемлекет тарапынан берілетін несиені пайдаланулары

қабатты үйде де мұндай жөндеу жұмыстары қажет болып жатады. Біз ондайда ешкімнен ақша сұрамай, тұрғындардың басын қосып жиналып, ақылдасып, барлық жұмысты пәтер иелерінің қаражатына жасатамыз. Ақтаулықтар да өз меншіктеріне иелік ету керектігін түсінуі қажет, – деді қалалық аурухананың бас дәрігері С.Мартынов.

«Мұны кент өкілдері де мойындады, бәрі де тек сұрауды біледі, өздері ештеңе істегісі келмейді. Мәселен, №37 үйдің төбесі талай жылдан бері ағып тұр, №47 үйдің жағдайы да осындай. Жоғарғы қабаттағылар «ақша жоқ» десе, төмендегілер «төбеден аққан су бізге жетпейді, сондықтан біздің қатысымыз жоқ» деп бұлтақтайды екен. Ал шынтуайтына келгенде бұл мәселені де заң баптарына сәйкес шешуге болады. Өзірге тұрғын үйлерге иелік ететін заңды тұлғалар болмағандықтан қаражат басқа мақсаттарға, мәселен, электр қуатын тарататын трансформатор үйшігін жөндеуге, балалар алаңын салуға, жолды реттеуге, құл-қоқыс шығаруға жұмсалуды әбден мүмкін. Бір атап айтарлығы бұл басқосуда қала әкімі Н.Сұлтанов Мырза станциясындағы құл-қо-



үстіне үйлердің шатыры әбден ескірген, жыл сайын жаңбыр, қар суы төбеден тамшылап, мазаны кетірген сыңайы бар. Сондықтан «ең алдымен қай үйдің төбесін жөндеу керек?» деген мәселе де жұртшылықты толғандыруда. Мырза станциясының бастамашыл тобы өкілі де мұндағы ауыз су, жол жөндеу сияқты проблемалардың көптен бері шешімін таппағанын жеткізді. Елді мекендегі асфальт жолдар соңғы рет қырық жылдан аса уақыт бұрын жөнделген, қазір әбден ескірді, дегенмен осындағы қиыршық тас шығаратын завод іске қосылғалы жолдың ойықтарын жөндеуге көмек болғаны да айтылды. Бастамашыл топтың жетекшілерінің бірі Е.Онучинаның пікірі меморандум бойынша бөлінетін қаражатты көпқабатты үйлердің шатырын жабуға жұмсаған дұрыс дегенге сайды. Кентте он бес жылға жуық уақыт тұрғын үй мәселесімен айналысып жүрген ол №42, №45, №47 үйлердің бұған дейін де шатыры сапасыз жөнделгендіктен бір жылға жетпей су өтіп кеткенін, сондықтан қаттыжабындыларды қолдану қажеттігін айтты. Қалай дегенде де

қажет. Ол үшін қала әкімдігі кент тұрғындарының жағдайын ескеріп, құжаттарды рәсімдеуге қажетті 300 мыңның елу пайызын беруге келісіп отыр.

– Қалған 150 мың теңгені жинау мүмкін емес, бізге көктемде ауланы жаңғырту үшін бес мың теңгені жинауды өзі үлкен проблема, – дейді Е.Онучина.

Қазір Ақтау кентіндегі барлық тұрғын үйлердің 95 пайызы жеке меншіктің иелігінде, сондықтан жеке меншік баспананы жөндеу әрбір үй, пәтер иесінің тікелей міндеті. Қаражатты қалталарынан шығаруы керек, Мәселен, Теміртауда үй шатырын, кіре берісті, жер төлені, үй сыртын жөндеуге ешкім үкіметтен немесе мекемеден ақша сұрамайды. Тұрғындар өздері жиналып, немесе жаңалауға бөлінетін несиені пайдаланып жөндетуде. Бұл жөнінде жиналысқа қатысқандардың бәрі де «баспана жеке меншік болғандықтан ол тек тұрғындар қалтасынан шығатын қаражатқа жөнделуі керек, неге меморандум ақшасы жекеменшік пәтерлерді жөндеуге жұмсалуды тиіс» деген пікірлерін айтты.

– Мысалы, мен тұратын көп

ыстарды шығаруға 500 мың теңге қаражат берілетінін айтты. Сондай-ақ аталған станция «Қазақстан теміржолы» АҚ-ның бір бекеті болғандықтан оны әлеуметтік әріптестікке шақырып, тұрғындардың мұң-мұқтажын жеткізу қажет деген ұсыныс айтылды.

Сонымен, «ЦентралАзияЦемент» АҚ мен қалалық әкімдік арасындағы меморандум бойынша жасалатын игілікті істер кенттің кемелді болашағына қызмет етіп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға біршама көмек болмақ, тек оны білікті және орынды жұмсап, ауызбірлік пен ұйымшылдық және қолданыстағы заң талаптарына сай жұмыс істеу қажет болады. Қала әкімі Н.Сұлтанов бұл істе әкімдіктен гөрі тұрғындардың, қарапайым халықтың ұсынысы, өтініштері ескерілетінін жеткізді. Халқымызда «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген нақыл сөз бар, сондықтан бос даңғазамен «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деген хаттардан гөрі нақты шешімді жергілікті жердің өзінде ойластыру қажет.

Серіккүл АЛТАЙБАЕВА

22 маусым, дүйсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00 Апта
11.05,21.05 Айтуға оңай
11.45,19.30 Телесериал
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 03.00 Жаңалықтар
12.45 Еңбек түбі - береке
12.45,01.40 Дауа
13.20 Білгірлер бәйгесі
14.10 «Ақсауыт»
14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,02.10 Менің Қазақстаным
17.50 Өзеюкарды
18.10 «... Үй болу қиын»
19.10 Арнайы тележоба
21.50 «Қазына»
23.30,02.40 Сіз не дейсіз?
00.55 Көкпар
04.15 Мәлім де беймәлім Қазақстан

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
09.00,10.00 Жеті күн
11.00,00.20 Драма
11.35 Мен көрген соғыс
11.30 Магия кухни
12.00 Мультфильм
13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
15.15,23.35 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.25 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45,18.15 Қызық times
19.00 ТВ Бинго
20.30 Арнайы хабар
21.30 Телесериал
22.00 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Телесериал
12.55,20.40 Телесериал
14.35,22.20 Телесериал
14.35 Ашығын айтқанда
15.30 112
15.40 Судебные истории
16.45 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
20.40 Телесериал
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30-09.30 «Таңертеңгілік «5-арнада»
13.00 Вести-недели
06.40,07.10,08.45 «Дәмдес болайық»
07.00 Апта репортажы
07.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
08.15 Наши дети
08.20 Время творить
13.00 Вести недели
14.45 Жақсылардан ғибрат
15.05 Док. Фильм
15.45 Моя Караганда
16.15 «Диалоги о животных»
17.10 Сам себе режиссер
17.30,02.30 Деректі фильм
18.10 5 арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.35,21.40 Шарайна
20.00,22.00 Новости
20.40 Вести Россия
21.00 Премьера
21.25 Военная программа
22.50 Худ. Фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00 Апта
08.10 Әсем әуен
08.55 Телесериал
11.10 Қуырмаш
11.45 Күлегеш
12.00 Телесериал
13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 2050
19.00 Ойталқы
19.35 Ғибрат
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.45,22.45 Уақыт. кз
21.10 Телесериал
23.10 Кино

23 маусым, сейсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Қазына»
10.55,21.05 Айтуға оңай...
11.40,19.30 Телесериал
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 02.45 Жаңалықтар
12.45 Спорт
13.10 «Алаң»
14.00,00.50 Сыр-сұхбат
15.05 Әйел бақыты
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,02.00 Жарқын бейне
17.50,00.35 Өзеюкарды
18.10 «... Үй болу қиын»
19.05 Қылмыс пен жаза
23.30,02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.30 Телесериал

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,23.30,01.00 Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.00 Новости
11.15,00.05 Драма
11.45 Магия кухни
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.20 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 «Экономкласс»
18.15 Драма
18.45 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 Бюро расследований
22.15 Телесериал
23.00 «Арнайы хабар»

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. Фильм
12.00 Худ. Фильм
12.55,20.40 Телесериал
13.45,22.20 Телесериал
14.35,02.20 Ашығын айтқанда
15.30 112
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
23.50 Телесериал
03.45 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30 Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,19.30,21.40 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
07.50,14.35, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00,13.00 Новости
08.30 «Наши дети»
14.15,17.45 Азия айнасы
14.35 «Прямой эфир»
16.00 «Сау болайық»
16.10 Телесериал
17.00 «Менің шындығым»
18.10 5-арнадағы ән-әуен + TV – ЧАТ
18.30 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
21.05 «Мәңгілік тіл»
21.15 Комната смеха
22.50 Драма
01.00 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.55, 13.20 Әсем әуен
08.55 Док. фильм
10.45, 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.10 «Обсудим»
11.40 Ғибрат
12.00 Телесериал
18.30 Дневник памяти
19.00 «ҚЭУ-де кездесейік»
19.30 Дін мен дәстүр
21.00 Телесериал
23.10 Кино

24 маусым, сәрсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Қазына»
10.55,21.05 Айтуға оңай
11.40,19.30 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45 Қылмыс пен жаза
14.00 Поэзия әлемі
13.40 Док. фильм
14.25 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 Келін» Т/с
17.00 Док. фильм
17.45,23.45 «Өзеюкарды»
18.10 «... Үй болу ұйын»
19.10 Журналисттік зерттеу
23.30,02.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
04.00 Телесериал

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00,01.30 Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15,00.35 Драма
11.45 Магия кухни
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.50 «Бұйымтай»
16.00 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.50 Незабытые истории
18.15 Драма
18.45 Телесериал
19.15,23.10 Біздің үй
20.30 100 бизнес- истории
22.00 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. Фильм
11.55 Худ. Фильм
13.45,20.40 Телесериал
14.35,22.20 Телесериал
14.35,02.20 Ашығын айтқанда
15.30 112
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
20.00 Новости
23.45 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
08.00,13.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 Время творить
14.15 Эколайф
14.35 Прямой эфир
16.10 Телесериал
17.00 Азия айнасы
17.45 Моя Караганда
19.00 Ваш день
21.05 «Моя планета»
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
08.55 Док. фильм
09.45 Мультфильм
10.45 Уақыт.kz
11.05 ҚЭУ-де кездесейік
11.35 Дін мен дәстүр
12.00 Телесериал
18.30 Арена
19.00 Прямой эфир
19.35 2050
21.00 Телесериал
23.00 Кино

25 маусым, бейсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 Қазына
10.50,21.05 Айтуға оңай...
11.35,19.35 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45,03.35 Агробизнес
13.15 Журналисттік зерттеу
13.35,03.30 Сіз не дейсіз?
14.10 Жан жылуы
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,02.10 Шетелдегі қазақ балалары
17.50,00.35 Өзеюкарды
18.10 «...Үй болу қиын»
19.10 Индустрияландыру
23.30,02.00 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.00 Қылмыс пен жаза
03.30 Еңбек түбі - береке
04.00 Мәлім де беймәлім Қазақстан

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.40 Бұйымтай
16.00 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.15 Бизнес сыры
18.15 Драма
18.45 Телесериал
19.05 Жекпе-жек
20.30 Мен көрген соғыс
22.10 Телесериал
23.00 Біздің үй

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Худ. Фильм
12.55,20.40 Телесериал
13.45,22.20 Телесериал
14.35,02.20 Ашығын айтқанда
15.30 112
15.40 Судебные истории
16.40 Давай поженимся
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
23.45 Телесериал
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30,20.30 Вести-Россия
07.00 Шарайна
07.35 «Дәмдес болайық»
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
14.00,17.45 Азия айнасы
14.35 Прямой эфир
15.40 Будем здоровы
15.50 «Жақсылардан ғибрат»
15.35 Телесериал
17.00 Менің шындығым
19.00 Ваш день
21.05 Моя планета
22.40 Худ. Фильм
00.25 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
08.55 Док. фильм
11.05 Прямой эфир
11.40 2050
12.00 Телесериал
18.30 «ДАТ»
19.00 Шаңырақ
19.35 Арена
21.00 Телесериал
23.10 Телесериал

22 маусым - 28 маусым

26 маусым, жұма

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00 Қазына
10.55 Айтұға оңай...
11.40, 19.35 Телесериал
12.30, 17.30, 20.30, 00.30, 03.00 Жаңалықтар
12.40 Иман айнасы
13.05 Индустрияландыру
13.25 Көкпар
14.10 Баламен бетпе-бет
15.05 Әйел бақыты
16.10, 22.40 «Келін»
17.05 Жан жылуы
17.25 Еңбек түбі - береке
17.50 Өзекжарды
18.10 Ғасырлар үні
18.40 Жайдарман
19.00 Менің Қазақстаным
21.50 «Шын жүректен»
23.30, 02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.00 Худ. Фильм

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.00, 02.30 Жаңалықтар
10.10 Телесериал
11.00, 15.00, 18.00, 21.00, 01.30 Новости
11.15 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
13.55 Телесериал
15.15 «Бұйымтай»
16.00 Телесериал
17.15 Бармысың, бауырым?
18.15 Драма
18.45 Ұлт саулығы
19.05 Орталық хабар
20.30 Сильные духом
21.30 Худ. Фильм
23.20 Телесериал
01.00 Док. фильм

ЕУРАЗИЯ

06.00, 19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Худ. фильм
12.55, 20.40 Телесериал
12.55, 20.40 Телесериал
13.45, 22.20 Телесериал
14.35 Жұма уағызы
14.50 «Қылмыстық іс №»
15.30 112
15.40 Худ. фильм
17.40 «Жди меня»
18.50 Поле чудес
23.50 Три аккорда

5 КАНАЛ

06.30, 20.55 Вести-Россия
07.00, 10.00, 19.35, 21.35 Шарайна
07.35, 08.40 Дәмдес болайық
08.00, 20.00, 22.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 Время творить
14.00 Эколайф
14.35 Прямой эфир
16.10 Телесериал
17.00 Жастар
17.30 Ғажайып адам
18.10 Ислам: Сауалдар мен жауаптар
19.00 Ваш день
20.40 Моя караганда
21.25 Комната смеха
22.50 Док. фильм
23.45 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 22.00 Жаңалықтар
08.55 Док. фильм
11.05 Шаңырақ
11.40 «ДАТ»
12.00 Телесериал
18.30 Руханият
19.00 Бумеранг
19.35 Шеберхана
21.00 Телесериал
23.10 Кино

27 маусым, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.10 Қымызхана
08.40 Агробизнес
09.00 «Субботалық ТАҢ»
10.05, 02.40 Дауа
10.40 Док. фильм
11.50 Ұлттық шоу
13.00 Білгірлер бәйгесі
13.45 Поэзия әлемі
14.15 Телесериал
16.40 Худ. фильм
17.30, 20.30, 00.30, 03.15 Жаңалықтар
17.50 Худ. Фильм
19.35 Концерт
21.00 Субботалық кездесу
22.35 Жайдарман
00.40 Худ. Фильм
03.40 Агробизнес

ХАБАР

07.05 Қалжың қоржыны
08.00 «Сиқырлы ас үй»
09.00 Бармысың, бауырым!
09.45 Продвопрос
10.05 Спорт без границ
11.55 Кино
13.30 Орталық хабар
14.10 Жұлдызды дода
15.35 Кино
17.15 Бокс
20.00 Бенефис шоу
21.00 Жеті күн
22.00 Худ. Фильм
00.30 Телесериал
02.20 Док. фильм

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
08.00 Таңғы пошта
08.50, 21.30 Жаңалықтар
09.00 Новости
09.10 Смак
09.45 Худ. Фильм
11.40 Фабрика грез
12.05, 01.45 Ду қол шоколад
13.00 Караоке такси
13.30, 101 кеңес
14.50 Угадай мелодию
16.40 Худ. Фильм
20.00 Первая программа
20.35 Кино
21.30 Кешкі кездесу
23.30 Ән-дария
00.15 Худ. Фильм
02.00 Большая разница

5 КАНАЛ

10.05 Шарайна
11.00 Моя караганда
11.15 Мәңгілік тіл
11.40 «Нольден бастап»
11.55 Ислам: сауалдар мен жауаптар
12.30 Қазақ тілін үйренейік
13.00 Мусульмане
13.15, 18.20, 22.40 Рекламный визит
13.25 Субботник
14.00 «Будем здоровы»
14.20 Кино
15.00 Специальный корреспондент
16.40 Концерт
18.30 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 Городок
20.00 Апта репортажы
20.20, 22.30 Худ. фильм
23.45 Әуенді Қазақстан
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.00, 13.00 Жаңалықтар-Новости
11.10 Сіз қайда жүрсіз?
12.00 Док. фильм
14.00 Концерт
15.05 Худ. Фильм
18.00 Бумеранг
18.35 2050
19.00 Жаңғырық
19.30 ДАТ
19.50 Мәңгілік мұра
20.00 Жайдарман Қарағанды
21.05 Сөнбес сәуле
21.30 Док. фильм
22.05 Кино

28 маусым, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.00 Қымызхана
08.30 Ақсауыт
09.00 Бүгін Воскресенье
10.30 Баламен бетпе-бет
10.50 Шетелдегі қазақ балалары
12.45 Концерт
13.45 Келбет
14.15, 02.30 Телесериал
16.40 Тағзым
17.05 Концерт
19.10 Әзіл әлемі
20.00, 00.00 АПТА.KZ
21.05 Ұлттық шоу
22.15 «Алаң»
23.15 Худ. Фильм
00.55 Көкпар
01.40 Келбет
03.10 Алаң
03.55 Телесериал

ХАБАР

07.05, 02.30 Қалжың қоржыны
08.30 Айбын
09.00, 10.00 Жеті күн
10.00 Ас арқау
10.20, 03.20 Спорт әлемі
11.00 Сказка
14.00 Бенефис-шоу
15.15 Кино
17.15 Бокс
20.00 Ду-думан
21.00 Жеті күн
22.00 Худ. Фильм
23.50 Телесериал
01.40 Док. фильм

ЕУРАЗИЯ


06.00 Жаңалықтар
06.35, 04.40 Контрольная закупка
07.00, 03.50 Телесериал
07.50, 03.50 телесериал
08.35 Жаңалықтар
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Новости
09.10 Здоровье
10.10 «Казлото»
10.45 «Идеальный ремонт»
11.55 «Кешкі кездесу»
13.05 Караоке такси
13.40, 03.15 101 кеңес
14.05 «Ән дария»
15.05 Кино
16.50 Телесериал
21.00 Аналитика
23.05 Точь-в-точь

5 КАНАЛ

10.00 Шарайна
10.20 Моя караганда
10.35 Жақсылардан ғибрат
10.55 Азия айнасы
11.35 Время творить
12.00 Утренняя почта
12.30, 17.30, 22.20 Рекламный Визит
12.40 Сто к одному
13.30 Один в один!
16.15 Док. фильм
17.00 Мир православной духовности
17.40, 21.55 Прогноз погоды
17.45 «Сайгез»
18.15 5-арнадағы ән-әуен + TV-ЧАТ
19.00 Ваш день
19.30 Честный детектив
20.00 Худ. Фильм
21.50 «Сау болайық!»
22.05 Худ. фильм
23.50 «Әуенді Қазақстан» +TV-ЧАТ
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.10 Мультфильм
11.20 Жайдарман Қарағанды
12.25 Худ. Фильм
14.05 Концерт
16.00 Худ. Фильм
18.00 Шаңырақ
18.35 Арена
19.00 Апта
20.00 Обсудим
20.35 Дневник памяти
21.00 Сөнбес сәуле
21.25 Док. фильм
22.00 Кино



Қазақстанда жасалған

«Автообъединение» ЖШС кәсіпорнының жетекшісі Сайдалы Шманов қазақстандық үлесті арттыратын жаңа өндіріс маусым айында іске қосылады деп уәде етуде. Жоспар бойынша, бес заманауи технологиялық желі профтөсеніш пен металл жабындылар өндірімек, өндіріс қуаты жылына 31 200 тонна.


Теміртауда жоғары сапалы металл жабындылары өндірілетін болды

«Соңғы жылдары ескірген қондырғылар жұмыс нәтижесін жақсартпады. Біздің фирма металл бұйымдар өндірумен 10 жылдан бері айналысып келеді. Былтыр жаңа цехтың құрылысын бастаған едік. Оны жаңа қондырғылармен жабдықтадық. Жобалық қуатқа 2016 жылы қол жеткіземіз деп отырмыз», - деді С.Шманов.

Оның айтуынша, бір технологиялық желі минутына 12 метр проф төсеніш өндіру жылдамдығына ие. Орташа алғанда бір сағаттағы өндіріс көлемі 2,5 тоннаға жетеді. Қондырғы автоматты режимде жұмыс істейді.

Аталмыш өндіріс жұмыстарына 302 млн теңге құйылған. Жаңа кәсіпорында 20 жұмыс орны ашылады деп жоспарланған. Жүз пайыздық қазақстандық өнім өндіретін кәсіпорын проф төсеніш пен металл жабындылармен барша республиканы қамтымақ ниетте. Жоба қолдау тауып, еліміздің Индустрияландыру картасына кірді.





Медицина қызметкерлері күні

Уақыт өткен айын заман талабына сай дамып жатқан денсаулық сақтау саласының жетістіктері орасан. Осы ретте ау бастан-ақ «орта буын» деп саналатын медбикелердің еңбегіне тоқталып өтпеске болмайды. Өйткені дәрігердің тағайындаған емінің нәтижелі болуы оны орындайтын медбикенің қаншалықты өз ісінің шебері екендігіне, өз міндетін мінсіз атқаруына тікелей байланысты болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Деректер бойынша бүгінде елімізде 154 мыңнан аса медбике бар екен, Медбикелер де дәрігерлермен қатар халықтың денсаулығын нығайтып, тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуде өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүр. Осы орайда қаламыздағы орталық аурухананың неврология бөлімінің бірінші санаттағы медбикесі Гауһар Күнтуарқызы Күнтуарова жайында әңгіме өрбітудың өз жөні бар.



Жыл сайын қаламызда медбикелер күніне орай түрлі іс-шаралар өтетіні мәлім, биылғы жылдың өзіндік ерекшелігі болды, ол Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығының тақырып арқауы болуы еді. Иә, ел басына күн туып, азаматтар Отан қорғау үшін қолдарына қару алып майданға аттанғанда, медбикелер де бораған оқ пен оттың арасында жүріп, жараланған жауынгерлерге алғашқы медициналық көмек көрсетті. Өмір мен өлім арасында жатқан талай жауынгерді аман алып қалып, жарасын танды, арқап медсанбатқа жеткізді. Сол сұрапыл жылдардың жаңғыры бүгінгі ұрпақ санасынан ешқашан өшпесі анық, керісінше жыл өткен сайын ерлік даңқы арта береді. Осының бір мысалын қаламызда болған медбикелер сайысынан да көрдік. Әуелі медколледжде өткен медбикелер сайысына он сегіз ақ желеңді абзал жан қатысып, олардың сегізі іріктеліп, қалалық конкурсқа жолдама алды. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Гауһар Күнтуарова сол сегіздің бірі болып, «Өлем» балалар мен жасөспірімдер орталығының сахнасындағы қалалық сайыста өзінің ептілігімен, ширақ қимылымен, барлық тапсырмаларды мүлтіксіз орындап, тақырыпты жан-жақты аша білді. Соңғы тапсырма еркін тақырыпта «Катюша» әнін қазақ-орыс тілдерінде орындап, өзгелерден оқ бойы озық шықты. Сөйтіп, сайыс қорытындысында жүлделі бірінші орынды иеленіп, Алматыда өтетін Қазақстан мейіргерлер ісі мамандарының III съезіне қатысу мүмкіндігін жеңіп алды.

— Гауһар Күнтуарқызы, өзіңіз таңдаған медбике мамандығын ың қызығы мен қиындығы жөнінде не айтасыз? — деп сұрадық.

Гауһардың Жұлдызды шағы



— Бала кезімнен медбике болуды армандаған едім, менің бұл таңдауымды ата-анам да құп көрді. Арманым алдамады, осы жолда тәжірибе жинап, талай сырқаттың сауығып кетуіне қолымнан келгенше атсалыстым. Неврология бөлімінде жүріп-тұруы қиын, сал аурулары емделеді. Науқастардың дертіне дәрі-дәрмекпен ғана емес, жылы сөзімізбен де дауа боламыз, солармен бірге қиналамыз. Өрбір науқастың жай-күйін көзімізбен көріп, жүрегімізден өткіземіз. Меніңше қиындығы осы. Ал қызығы — дертінен айыққан жандардың алғыс жаудырып, үйлеріне аман-есен кетуі дер едім. Мұндай сәт көңіліме қуаныш ұялатады.

Бірінші санатты медбике Гауһар Күнтуарова орталық ауруханада 2006 жылдан бері еңбек етіп келеді. Қаладағы сайыста жеңімпаз атанған ол әуелі облыстағы медбикелер конкурсына барып, Теміртаудың намысын қорғады. Тоғыз медбике өнерін көрсеткен жарыста үшінші орынды иеленген Гауһар көрермендердің есінде ұзақ уақыт қалатыны анық. Өйткені, Қарағандыдағы сайысқа қатысқан облысымыздың аудан-қалаларынан келген медбикелердің бәрі тапсырмаларды ресми тілде орындады, ал Гауһар Күнтуарқызы әуелі мемлекеттік мәртебесі бар ана тілінде, содан соң орысша сөйлеп, барлық сынақтан

сүрінбей, жиналған жұртшылықтың ілтипатына ие болды.

— Мен осындай сайыстарға қатысу арқылы өз мамандығыма деген сүйіспеншілігімді одан сайын арттыра түстім, ізденісім артты, тәжірибе алмасудың маңыздылығы ерекше. Себебі, қазіргі заманда денсаулық сақтау саласына бәсекеге қабілетті мамандар қажет деп есептеймін. Медбикелер орта буын саналады, бірақ олардың мәртебесін көтеріп, бұған дейін қалыптасқан көзқарасты өзгерту керек деп есептеймін. Шын мәнінде медбике медицинадағы ең ауыр жұмысты атқаратын қызметкер, уақытымыздың көбі науқастың жанында өтеді, — дейді ол ой-пікірімен

бөлісіп.

Біз әңгіме арасында Гауһардың өз ісін жетік меңгергендігін аңғардық. Ол Алматы сапары жайында да тұшына әңгімеледі. Ең бастысы, осындай конкурстарды ұйымдастырып, өткізуде қаламыздағы медколледж директоры Светлана Павловна Брамонтованың еңбегі ұшан-теңіз екенін айтып, алғыс білдірумен болды. Алматыда өткен мейіргерлердің III съезінде өзекті мәселелер талқыланып, атап айтқанда, мейіргер ісі мамандарының тұрғындарға медициналық қызмет көрсетудегі рөлі, Қазақстанда мейіргер ісін дамыту бойынша өткізіліп тұратын реформалар туралы, кадрлар жүйесін жаңғырту секілді бірқатар тақырыптар ортаға салынған. Сонымен бірге, съезд жоғары білімді медбикелер қызметін реттеуші нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жайында да пікірлерді тоғыстырған.

— Мысалы, медбикеден басқа мамандықты колледжде оқыған жас өз мамандығы бойынша жоғары оқу орнына түссе, мамандығына сәйкес екі-үш жыл ғана оқып, жоғары білім алады. Ал колледж бітірген медбике жоғары білім алғысы келіп, медицина академиясына түссе, онда ол бірінші курстан бастап оқуы міндетті. Съезде осы мәселе талқыланып, мүмкіндіктерді көбейту, қашықтықтан оқыту мәселелері айтылды, — дейді Гауһар Күнтуарқызы.

Тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстанып, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауы, ауырып емделгеннен гөрі алдын-алу шараларына көбірек мән беруінің маңыздылығын айтқан кейіпкеріміз теміртаулықтарға деген ақ тілегін жеткізді және әріптестерін медицина қызметкерлері күнімен құттықтады.

Руза АЛДАШЕВА



Мұражай мүйісі

Медицина қызметкерлері күні карсаында № 3 орталық аурухананың 60 жылдығына арналған «Зор міндет» атты экспозиция ашылды.

1955 жылы Қарағанды металлургиялық зауытының құрылыс алаңында емдік және аурудың алдын алу жұмыстары қамтылған алғашқы амбулатория ашылды. Яшнова А. А. ауруларды емдейтін алғашқы фельдшер болды. Тұрғын үйге арналған ғимараттар емдік мекемелерге айналып, емхана мен 10 койкалық аурухана ашылды. Кейіннен олар № 4 қалалық аурухана деп аталды. 1955 жылдың желтоқсанында ауруханада 100 койка пайда болды.



Сенеш А.И. тұңғыш бас дәрігер болып тағайындалды.

1957 жылы № 4 қалалық аурухананы үміт артқан, жас маман — хирург Сливных Сергей Филиппович басқарды. Қостанай облысында туылған Сергейдің

Зор міндет

Қарағанды медициналық институты бітіріп шығады. 1956 жылы жолдамамен Теміртауға келеді, араға жыл салып Орталық аурухананың бас дәрігері атанады. 1973 жылға дейін № 4 қалалық аурухананы басқарады, кейіннен бұл аурухана ҚарМК медициналық-санитарлық бөлімі аталды.

Қысқа мерзімде С.Ф. Сливныхтың басқаруымен жас мекемеде жұмыс оңала бастады. Оның талабымен рентгенологиялық, диагностикалық, анестезиологиялық бөлімшелер мен қан құю бөлімшесі ашылды. Кәсіби білікті мамандардан, құралған ұжым қалыптасты — ауруханада хирургтар Воронов К.П., Турчева И.Ф., Капп Б. П., кардиолог Авокян Т.Ф., акушер-гинеколог Иванова Г.М., травматолог Дюмина М.С., анестезиолог Новицкая Л.М., уролог — Сыздықов С.С. және басқа да дәрігерлер жұмыс

әке-шешесі Қазақстанның темір жол құрылысында жұмыс істеген. Соғыс жылдарында он төрт жасар бала Қарағанды темір жолында ұста болып жұмыс істейді. Кейіннен Ақмоладағы медициналық училищені, артынан

істеді. 1969 жылы травматология бөлімшесін Морозова Валентина Викторовна басқарды, ол бүгінде қала тұрғындарын аяғынан тік тұрғызып жүр.

Қалада болған жайлар аурухана тарихында да орын алып отырды, мысалы — 1957 жылдан 1960 жылдар аралығында аурухана ұжымында Болгариядан келген бес медбике жұмыс істеді.

Теміртау мұражай қорында хирург С. Сливныхтың жазбалары сақталған. Бұл жазбаларда металлургиялық комбинат құрылысында жарақаттанушылық өте көп деп айтылған. Осы орайда өзінің көпжылдық бақылауларына сүйене отырып, медицина ғылымының кандидаты дәрежесіне талаптанып автореферат жазады.

1963 жылы № 4 қалалық аурухана Қарағанды металлургиялық зауытының медициналық-санитарлық бөлімі аталды. 1963 жылдың сәуірінде бұл мекеме жаңа ғимаратқа көшті.

Т.В. ХМЕЛЁВА, Теміртау тарихи-өлкетану мұражайының аға ғылыми қызметкері

Көші-қон саясаты

Күнделікті тіршілік ағымында әлеуметтік, экономикалық, экологиялық жағдайларға байланысты және басқа да түрлі себептермен тұрғындар қоныстарын ауыстырып, көшіп-қонады. Мысалы, ауылдан қалаға келетіндердің қатары көп. Дегенмен, бүгінгі әңгіме бұл жайында емес, алыс-жақын шетелдерден көшіп келу мен тиісті құжаттарын рәсімдеу туралы болмақ.

Заң талаптары орындалуда

Қала әкімінің сейсенбі күнгі аппарат мәжілісінде қалалық Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары Жангелді Адылханов хабарлама жасап, алыс және жақын шетелдерден қаламызға көшіп келіп жатқандар жөнінде мәлімет берді.

Қаламызда құжатсыз заңсыз тұратындарды, құжаттарының мерзімі өткен тұлғаларды, азаматтығы жоқ жандарды анықтау мақсатында қалалық Ішкі істер басқармасында жұмысшы тобы құрылған. Оның құрамында көші-қон полиция бөлімінің мамандары мен учаскелік инспекторлар бар. Енді деректерге көз жүгіртсек,



жыл басынан бері қаламызда 2846 шетелдік уақытша тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес мерзімінде – 2646. Таратып айтар болсақ, олардың 120-сы алыс шетелден, 2596-сы ТМД-елдерінен, ал қақтығыстар болып жатқан жерлерден келгендер – 130. Осы уақытша тіркелген 2646 азаматтың 138-нен түпкілікті тұруға өтініштер қабылданған, олардың Ресей азаматы – 23, Өзбекстаннан – 92, Қырғызстаннан – 1, Өзбайжаннан – 1, Монголиядан – 1, Молдовадан – 1, Тәжікстаннан – 8.

2015 жылдың 25 мамыр айына дейінгі дерек бойынша, азаматтығы жоқ 273 адам тұрақты тіркелген. 315 адамға Қазақстанда уақытша тұру ықтиярхаты рәсімделіп, 8-адам азаматтығы жоқ куәлігін алған. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Жұмыспен қамту шарасы

Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген кеңесінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 01-7.1 хаттамасын орындау мақсатында күн сайын кәсіпорындардағы жағдайға мониторинг жүргізілуде және жұмыстан босатылған жұмысшыларды жұмыспен қамту мәселелерін шешу үшін қажетті шаралар қабылдануда.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары Б.М. Сапарбаевтың тапсырмасына сәйкес Теміртау қаласында өндірістік үдерістерді тұрақтандыру, еңбек құқықтарын қамтамасыз ету және жұмысшыларды жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша серіктестік туралы қала әкімі, жұмыс беруші мен кәсіподақ арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумдарды жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 9-бабына сәйкес жұмыс беруші жұмыстан босату басталатыннан 2 ай алдын уәкілетті органды алдағы жұмысшыларды босату туралы ескертуіне міндетті.

Жұмыстан босатылған азаматтар ЗТМО арқылы жәрдемақы алу үшін уәкілетті органда (жұмыспен қамту бөлімінде) жұмыссыз ретінде тіркелуі қажет.

Тіркелген жұмыссыздарға әлеуметтік қолдаудың келесі шаралары ұсынылатын болады:

- бос жұмыс орындарға орналасу;
- оқыту және қайта оқыту;
- ең төменгі еңбекақысы бар қоғамдық жұмыстарға жіберу (21364 теңге);
- әлеуметтік жұмыс орындарға орналасу;
- «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында әлеуметтік қолдау.

Барлық мәселелер бойынша «Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Чайковский к-сі, 22, каб.11 мекенжайы немесе 915818, 907541 телефондары арқылы хабарласыңыз.

Ю.КИМ,
«Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» бастығы



Бәрекелді!

Жуырда ғана «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық шешуші бәсекесінде Силаевтар отбасы бірінші орынға шыққанын жазған едік. Енді міне, облыстық жарыста олар өздерінің жақсы үрдісінен жаңылмай, бірінші орынды иеленді.

Силаевтар республикаға жолдама алды

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы былтырдан бері Елбасымыздың тікелей айтуымен өткізіліп жүрген үлкен әлеуметтік сайыстың бірі, онда еліміздегі ең үздік отбасылар анықталады. Негізгі өлшемдер әулеттің тарихына, ата-аналардың балаларына үлгі көрсету әдістеріне, жас ұрпақтың жеңістеріне және отбасының қоғамдағы рөліне, салауатты өмір салтын сақтауына бағытталған. Силаевтар отбасы жиырма үш жылдан бері тату-тәтті тұрып жатқан үлгілі жанұя, бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған отағасы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның білікті инженері. Ал отанасы Ольга Викторовна ҚарМИУ-дың білімді

оқытушысы, кафедра меңгерушісі, экономика ғылымының кандидаты ғылым жолында жүрген нәзік жан. Ал бақытты әже Вера Петровна кезінде жас ұрпақты жоғарғы білім нәрімен сусындатқан білікті ұстаз, қазір құрметті демалыста, немерелерінің тәрбиесімен айналысады. Бұл отбасының екі баласы да өздерінің ата-аналары сияқты жан-жақты, бірнеше тілді игерген. Ұлы – студент, қызы Тания мектеп оқушысы. Бос уақыттарында ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысады, сондай-ақ өнерден де құралақан емес. Екеуі де балдық билер жөнінде спорт шеберлігіне кандидат, халықаралық дәрежедегі жарыстарда Қазақстан Республикасының намысын абырой-

мен қорғап жүр. Тания Грузияда өткен халықаралық чемпионатта Қазақстанның намысын қорғады. Бір айта кетерлігі, Силаевтар әулетінде ер адамдардың үш ұрпағы өз өмірлерін металлургияға, ал әйелдер экономика саласына арнап келеді екен. Міне, осы үлгілі отбасы облыстық жарыста аймақтағы ең үздік деп танылып, «Мерейлі отбасы» атағын ұлытаулық Мусиндермен бөлісіп, байқаудың республикалық кезеңінде Теміртаудың және Қарағанды облысының намысын қорғайтын болады.

Еліміздің түкпір-түкпірінен үлгілі отбасылар қатысатын бұл бәсеке қыркүйек айында Астана қаласында өтетін болады.

Өз тілшімізден

Жазғы лагерь

Өткен аптада Теміртау қалалық Ішкі істер басқармасы қызметкерлері №27 орта мектеп жанындағы жазғы демалыс лагеріндегі жеткіншектерді әскери-патриоттық іс-шараларға қатыстырып, салауатты өмір салтын насихаттады. Балалар әскери киімдерді киіп көрді, сапта жүруге әрекеттенді, сондай-ақ жараланғандарға алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерін де байқап көрді.

«Зарница» әскери-спорттық ойыны аясында өткізілген бұл шараның негізгі мақсаты 26 маусым есірткі қолдануға қарсы халықаралық күрес күніне байланысты жас жеткіншектердің жазғы демалысын пайдалы істерге арнауға баулу болатын.

Полиция қызметкерлері қару-жарақты, соның ішінде автоматты бұзып қайта жинауға болатынын көрсетіп, түсіндірді. Бұл әсіресе ер балалар үшін аса қызығалықты болды. Бәрі де ең болмаса бір рет кішкене тапаншаларды ұстап көруге ұмтылысты. Сонымен қатар газға қарсы киілетін арнайы



«Зарница» ойыны өтті

бетперде кішкене бүлдіршіндерді тіпті қызықтырды.


Іс-шараның соңында балалар тәтті сый-сияпатқа кенелді.

– Бұл шараға бес балалар отряды қатысты, бәрі де жазғы демалыстарының осындай қызығалықты әрі пайда-

лы шараларға толы болғанына ризалықтарын білдіріп, келген қонақтарға алғыстарын айтумен болды, – дейді тәрбиешілер.

Мұндай кездесулер жазғы демалыстың бос өтпей, пайдалы істерге арналғанын көрсетеді.

Өз тілшімізден



Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Құрметті қауым!

Баршаңызды аса ұлық қасиетті Рамазан айының келуімен құттықтаймын. Рамазан мүбәрәк болғай! Оразаға аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер мен мадақтар болсын!

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫНЫҢ қасиетті Рамазан айына байланысты халыққа ҮНДЕУІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биыл да Рамазан айын үлкен дайындықпен өткізбек. Еліміз бойынша мешіттер мен медреселерде, діни оқу орындарында, қоғамдық орталарда қайырымдылық акциялар, игі жобалар ұйымдастырылады. Баршаңызды осы игі іс-шараларға атсалысуға шақырамын.

Рамазан – жалпыға ортақ игі амалдар маусымы. Ораза – тәрбие һәм тақуалық айы. Алла Тағала қасиетті Құранда: **«Иә, мүміндер, өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, сендер тақуа боларсыңдар»**, – деген (*«Бақара» сүресі, 183-аят*).

Оразада отбасы құндылығын арттырып, жастарымыздың иманды, Отанын, халқын, сүйетін, салт-дәстүрін ардақ

тұтар нағыз азамат болып қалыптасуына әрдайым көңіл бөлейік. Ислам ғұламалары: **«Отанды сүю – иманнан»**, – деп тәлімді тұжырым айтқан.

Рамазан – қайырымды жандар үшін үлкен мүмкіндік. Оразада жасалған Жаратушы Иемізге ұнамды әрбір қайырлы іс – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде: **«Адамдардың жақсысы – елге пайдасы тигендері»**, – деген. Адам қалай ниет етсе, сол мақсатына жетеді.

Әр пенде сауапты амалымен, тақуалығымен Алланың алдында дәрежесі артады. Жомарт, жанашыр азаматтарды, кәсіпкерлерді көмекке мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетуге, мәселен, су тасқынынан үйсіз, шарасыз



қалған отандастарымызға қайырымдылық жасауға, табиғи апат салдарынан бұзылған көпір мен жолды жөндеуге үлес қосуға, жетім мен жесірге мейірімділік танытып, қараусыз қалған қарттарға көңіл бөлуге шақырамын.

Елбасы Ұлытау төрінде ұлт туралы, дін, тіл жайлы берген ұлағатты сұхбатында асыл дініміздің тұрмысы төмен жандарға көмектесу, бауырмал болу, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсету сынды асыл құндылықтарын сөз еткені есімізде. Осындай ортақ игі амалдар жұртымызды жақсылыққа, ізгілік пен бірлікке ұйыстырады.

Қасиетті айдың құрметі үшін халықтың тұрмыстық қажеттіліктеріне жеңілдік жасалып, Құдайы астар пен тойлар ауызашар уақытында ұйымдас-тырылса деген тілегімді білдіремін.

Рамазан – бірлік айы. Осы айда берілетін ауызашарлар

ағайын-жұрттың арасын жақындастырып, игі іс-шаралар мен қайырымдылық акциялар халқымызды сенімі мен нәсіліне қарамай, ортақ мақсатқа үндейді. Бүкіл әлемнің Жаратушысы барша адамға: **«Бөлінбөңдер»**, – деп бауырмал болуға бұйырған. Бірлігі күшті елдің береке-сі артады.

Қымбатты отандастар!

Рамазан айында жасаған амалдарымыз бен игі ниеттерімізді Алла Тағала қабыл етіп, сауапты істеріміз әрдайым жалғаса бергей! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, мемлекетіміздің мерейі үстем, еліміздің болашағы баянды болғай! Әумин!

Ержан қажы

МАЛҒАЖЫҰЛЫ,

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

Қасиетті Рамазан айындағы ораза ұстау мен намаз оқу уақытының кестесі (Теміртау қаласы үшін) 2015 жыл – хижри 1436

Апта күндері	Маусым және Шілде айы	Таң намазы кіруі	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінті намазы	Ақшам намазы (ауыз ашар)	Құптан намазы
Бейсенбі	18.06.2015	3.00	3.30	5.15	13.30	18.42	21.30	23.00
Жұма	19.06.2015	3.00	3.30	5.15	13.30	18.42	21.30	23.00
Сенбі	20.06.2015	3.00	3.30	5.15	13.30	18.43	21.30	23.00
Жексенбі	21.06.2015	3.01	3.31	5.16	13.30	18.43	21.30	23.00
Дүйсенбі	22.06.2015	3.01	3.31	5.16	13.30	18.43	21.30	23.00
Сейсенбі	23.06.2015	3.01	3.31	5.16	13.30	18.43	21.30	23.00
Сәрсенбі	24.06.2015	3.02	3.32	5.17	13.30	18.43	21.30	23.00
Бейсенбі	25.06.2015	3.02	3.32	5.17	13.30	18.43	21.30	23.00
Жұма	26.06.2015	3.02	3.32	5.17	13.30	18.44	21.30	23.00
Сенбі	27.06.2015	3.03	3.33	5.18	13.30	18.44	21.30	23.00
Жексенбі	28.06.2015	3.03	3.33	5.18	13.30	18.44	21.30	23.00
Дүйсенбі	29.06.2015	3.04	3.34	5.19	13.30	18.44	21.30	23.00
Сейсенбі	30.06.2015	3.05	3.35	5.20	13.30	18.44	21.30	23.00
Сәрсенбі	01.07.2015	3.05	3.35	5.20	13.30	18.44	21.30	23.00
Бейсенбі	02.07.2015	3.06	3.35	5.20	13.30	18.44	21.30	23.00
Жұма	03.07.2015	3.07	3.36	5.21	13.30	18.43	21.30	22.45
Сенбі	04.07.2015	3.07	3.36	5.21	13.30	18.43	21.29	22.45
Жексенбі	05.07.2015	3.08	3.37	5.22	13.30	18.43	21.29	22.45
Дүйсенбі	06.07.2015	3.09	3.38	5.23	13.30	18.43	21.29	22.45
Сейсенбі	07.07.2015	3.10	3.39	5.24	13.30	18.43	21.28	22.45
Сәрсенбі	08.07.2015	3.11	3.40	5.25	13.30	18.43	21.28	22.45
Бейсенбі	09.07.2015	3.12	3.41	5.26	13.30	18.42	21.27	22.45
Жұма	10.07.2015	3.13	3.42	5.27	13.30	18.42	21.27	22.45
Сенбі	11.07.2015	3.14	3.43	5.28	13.30	18.42	21.26	22.45
Жексенбі	12.07.2015	3.15	3.44	5.29	13.30	18.41	21.25	22.45
Дүйсенбі	13.07.2015	3.16	3.45	5.30	13.30	18.41	21.25	22.45
Сейсенбі	14.07.2015	3.17	3.46	5.31	13.30	18.41	21.24	22.45
Сәрсенбі	15.07.2015	3.18	3.47	5.32	13.30	18.40	21.23	22.45
Бейсенбі	16.07.2015	3.19	3.48	5.33	13.30	18.40	21.22	22.45

МЕНШІК ИЕСІ:

«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады
Тапсырыс 25
Тиражы 1000 дана.
Форматы А-3.
Көлемі 3 баспа табақ.
Офсетті басылым:

Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.
Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.
(Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Рамазан ораза ұстаушының ішкі жан-дүниесімен сырласатын ай

Ісі мұсылманның ортақ мерекесіне айналған қасиетті Ораза айы да келді. Қасиетті аймен сағына қауышқан қала жұртшылығы орталық және қалалық мешіттерде алғашқы тарауих намазын оқуға көптеп жиылды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Ержан қажы Малғажыұлы Алматы қаласы Орталық мешітінде басталған тарауих намазына қатысып, халқымызды қасиетті Рамазан айымен құттықтап, ел мен жердің амандығын тілеп, бата жасады.

«Рамазан – барша мұсылман қауымы әр жылы сағына күтіп, кимай қолтасатын, Құран Кәрімнің асыл аяттары түсе бастаған қасиетті ай. Рамазан – әрбір ораза ұстаушының өзінің ішкі жан-дүниесімен сырласып, пендешілікпен жасаған істері үшін шын ықыласымен тәубеге келетін ай. Бұл қасиетті ай – рухани дертті емдейтін мейірімді дәрігер іспетті. Ораза айы адамды ізгілік пен қайырымдылыққа шақырып, қоғамның береке-бірлікте өмір сүруіне үндейді. Еліміздің барша мұсылмандарын осы қасиетті Рамазан айымен құттықтаймын. Алла Тағала жасаған игі амалдарымызға мол сауаптан жазғай», – дейді Бас мүфти.

Биыл 17 маусымда еліміздің барлық мешіттерінде тарауих намазы басталды. Алла үйлерінде бір ай бойы тарауих намаздарында Құран хатым етіліп, дұға жасалады.